



ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевпен телефон арқылы сөйлесті.

Президенттер қайғылы оқиғаға байланысты бір-біріне көңіл айтып, Маңғыстау облысында апатқа ұшыраған Azerbaijan Airlines ұшағында қаза тапқан азаматтардың отбасылары мен жақындарына сабыр тіледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев оқиғаны тергеу жөніндегі арнайы мемлекеттік комиссия жұмысы туралы мәлімет беріп, Қазақстан тарапы ұшақ апатын жан-жақты және объективті түрде зерттеуге бар күш-жігерін салатынын жеткізді.

Ильхам Әлиев іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізу және зардап шеккендерге көмек көрсету бойынша шұғыл әрекет еткені үшін Қазақстан Үкіметіне алғыс айтты.

Тараптар қайғылы оқиғаның мән-жайы толықтай анықталғанша екі ел үкіметтерінің құрылымдары тығыз байланыста болады деп уағдаласты.

КӨҢІЛ АЙТТЫ

ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин Мемлекет басшысына көңіл айту жеделхатын жолдады.

Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин Ақтау маңында Azerbaijan Airlines әуе компаниясының жолаушылар ұшағы апатқа ұшырауы салдарынан көптеген адамның, соның ішінде Қазақстан азаматтарының қайтыс болғаны туралы суыт хабарды терең күйзеліспен қабылдағанын жеткізді.

Сондай-ақ Қытай үкіметі мен халқының атынан қаза тапқандардың туған-туыстарына көңіл айтты.



ӨРКЕНДЕУ ӨТКЕЛІНДЕГІ БІР ЖЫЛ

Жыл соңы – өткенге көз жіберіп, мақсат-мұраттарды түгендеп, уақыт дәрегейіне баға беретін меже. Еліміз үшін биылғы ұлу жылы оған дейінгі батыл бастамалардың жалғасындай маңызды шешімдер қабылданған жыл болды.

Осы ретте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елімізді дамыту мен өркендету жолында жыл бойы атқарған қызметіне шолу жасап, қоғамдық-саяси өмірдегі, әлеуметтік-экономикалық дамудағы іргелі өзгерістер мен табыстарға қысқаша тоқталуды жөн көрдік. Бұл туралы Президент кеңесшісі – Баспасөз хатшысы Берік Уәлидің Egepen Qazaqstan-ға жарияланған материалында кеңінен мәліметтер келтірілген.

ЕЛ ІШІ, ХАЛЫҚ АРАСЫ

2024 жылы Президент жұмыс сапарымен еліміздің 11 өңірінде болып, 60-тан аса өндірістік және әлеуметтік-мәдени нысанмен танысып,

жұртшылықпен кездескен екен. Сондай-ақ форумдар, кеңестер, отырыстар секілді түрлі форматта өткен ел ішіндегі 41 іс-шараға қатысқан. Еліміздің саяси және қоғам қайраткерлерімен 137 кездесу өткізді. Солардың ішінде ерекше айта кетер оқиғалар да жетерлік. Ең бір ақжолтай жаналық ретінде жыл басындағы Жетіген ауылы Алатау қаласы болып қайта құрылғанын айта кетуге болады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 9 қаңтарда «Алматы облысының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы» Жарлыққа қол қойған болатын. Осылайша, келешекте Алматы мен Қонаевтың ортасында бой көтеретін Alatau City қаласының іргесі қаланды.

(Жалғасы 2-бетте)

БЕЛСЕНДІ БИЗНЕС

ЭКОЖҮЙЕСІН ҚҰРМАҚ

Ел тарихына жазылғандай, 2018 жылғы 14 қарашада ел Президентінің қатысуымен «Астана» қаржы орталығы ашылып, биржасында бірінші сауда-саттық рәсімі өткізілді. Бұл символға толы оқиға еді. Біріншіден, ел басшылығы халықаралық биржамыздағы алғашқы сауда-саттық ұлттық валютамыздың 25 жылдық мерейтойына орайластырылғанын айтты. Екіншіден, әлемдік жалғыз алпауытымыз «Қазатомөнеркәсіп» сол күні тұңғыш рет IPO-ға шықты. Символдық мәні зор өзге де жайттар жетерлік. Содан бері аттай алты жыл өтті. Не нәтиже бар? Неге АХҚО әлі күнге бюджет мойнында отыр?



(Жалғасы 6-бетте)

ҚАМКӨҢІЛ ЖАНДАРҒА ЖЫЛУ СЫЙЛАҒАН

Бүгінде ел тұрғындарының денсаулығын оңалту бағытында аз жобалар жанданып жатқан жоқ. Әсіресе, қамкөңіл жандарға жасалып жатқан жақсылық орасан. Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың денсаулығын оңалту бағытында облыс орталығында да баянды бастамалар жемісін беруде.



→ 13

ЖЕҢІСКЕ ТОЛЫ ЖЕМІСТІ ЖЫЛ

2024 жылдың ең басты спорттық шарасы Париждегі Олимпиада ойындары болды. Тартысты спорт додасында 205 ел бақ сынап, 93 елдің өкілі жеңіспен оралды. Қазақстан жалпыкомандалық есепте 43-орынға жайғасты. Еліміз бір алтын, 3 күміс, 3 қола медальді місе тұтты.



→ 16

28 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

ӨРКЕНДЕУ ӨТКЕЛІНДЕГІ БІР ЖЫЛ



(Басы 1-бетте)

Жыл жаңалығындай болған ендігі бір оқиға – ұлт ұпайын түгендеген құрылтай болды. Елдік мәселелер қозғалатын Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы биыл көне Сарайшық жұртында – Атырау облысында өтті.

«Құрылтайда ұлт болмысын қалыптастыратын тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық секілді басты құндылықтар айқындалды. Сонымен қатар Президент бес әлеуметтік кеселмен күресті күшейту жөнінде нақты тапсырма берді. Осыған орай биыл Әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігі туралы заңға қол қойылды. Яғни, тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін қатаң жаза белгілейтін, балалар құқығының қорғалуын қамтамасыз ететін жаңа нормалар енгізілді. Бұдан бөлек, Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы арнайы заң қабылданды. Вандализм мен өзгені мүлкіне зиян келтіргені, қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейтуге, құмар ойынға тәуелділікті азайтуға, вейке тыйым салуға бағытталған заңнамалық өзгерістер жасалды», – делінген мақалада.

Биылғы жыл барысында жасампаздығымен қатар сындарлы шақтар да аз болған жоқ. Десе де, талайы шақта Қазақстан халқы әдеттегідей бірліктің бекем үлгісін көрсете алды. Көктемгі су тасқыны елді өбiрге салып, халықтың да, мемлекеттің де мүлкіне зор зардабын тигізгені рас еді. Еліміздің 10 өнірінде жергілікті деңгейдегі төтенше жағдай жарияланды.

«Мемлекет басшысы адамдарды дереу қауіпсіз жерге көшіру және қарғын судан зардап шеккен азаматтарға қажетті көмек көрсету жөнінде тапсырма берді. Ең көп зардап шеккен үш облысқа, атап айтқанда, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарына барып, халықтың мұң-мұқтажын тыңдады.

Тасқын судың салдарынан мал-мүлкінен айырылған жандардың ешқайсысы елеусіз қалған жоқ. Мемлекет міндеттемесін толық орындады. Зардап шеккендердің бәріне материалдық, қаржылай

қолдау көрсетілді. Атап айтқанда, су тасқынынан зардап шеккен өңірлерде комиссиялар жұмыс істеді, олар азаматтардың жалғыз баспанасы болған 19 359 үй мен саяжай құрылыстарын тексерді. Оларды баспанамен қамтамасыз ету мақсатында жылжымайтын мүлік нарығынан 5 767 тұрғын үй сатып алынды. 9 156 үйге жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жүз пайыз аяқталды. Бұл мақсаттарға барлығы 54,7 млрд теңге бөлінді. Сондай-ақ қысқа мерзімде 64 млрд теңгеге 2 680 жеке тұрғын үй салынды. Бұған қоса, 36 455 отбасына жалпы сомасы 13,3 млрд теңге, яки 100 АЕК мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек көрсетілді. 21 876 отбасына 9,9 млрд теңге көлемінде 150 АЕК-ке дейінгі өтемақы төленді», – делінген Президент кенесшісі – Баспасөз хатшысы Берік Уәлидің Egemen Qazaqstan-ға жарияланған материалында.

2024 жылы ел іші, халық арасында әлеуметтің әлеуетін көтерген тың жобаларға да толы болды. Президенттің тапсырмасымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында қалалар мен қарқынды дамып келе жатқан елді мекендерде 460 мың оқушыға арналған жана 217 мектептің құрылысы жүргізіліп жатыр. Бүгінде 36 мектеп пайдалануға берілді. Оның 15-і ауылдық елді мекендерде орналасқан. Бұл – білім беру саласының инфрақұрылымын дамыту ісінде қала мен ауылға бірдей көңіл бөлінеді деген сөз.

Ал бірнеше жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан «Ауылдағы денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында алғашқы санитарлық-медициналық көмек көрсететін 276 нысанның құрылысы аяқталды. Оның 99-ы 2023 жылы, ал 117-і биыл іске қосылды. Келер жылы 125 нысанның құрылысы жүргізіледі. Оның ішінде, 32 аудандық аурухананы жаңғырту жұмыстары жалғасып жатыр.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВЕКТОРДЫҢ ШАПАҒАТЫ

Биыл сыртқы саясатта да жемісті жыл болды. Атап айтқанда, Қасым-Жомарт Тоқаев биыл 23 рет шет мемлекетке сапарлады, 19 халықаралық форум мен саммит жұмысына атсалысты. Халықаралық іс-шаралар аясында өзге елдің басшыларымен 27 рет кездесті.

Сондай-ақ шет мемлекеттердің және Үкіметтердің басшыларымен, басқа да жоғары лауазымды тұлғаларымен, халықаралық және өңірлік ұйымдардың жетекшілерімен, бизнес-қоғамдастық өкілдерімен 84 кездесу өткізді. 22 мемлекеттің елшісінен сенім грамоталарын қабылдады. Мемлекет басшыларымен 49 мәрте телефон арқылы сөйлесті.

«Еліміздің сыртқы саясаттағы жетістіктеріне арнайы тоқталған жөн. Қазақстан биыл алты халықаралық ұйымға, атап айтқанда, ШЫҰ, ТМҰ, АӨСШК, ҰҚШҰ-ға,

ратынын аңғартады. Мемлекеттік және ресми сапарлардан бөлек, Президент түрлі халықаралық іс-шараға қатысу үшін 11 елге жұмыс сапарымен барды. Бұдан басқа елімізге түрлі деңгейдегі сапармен келген 11 шет мемлекеттің басшыларын қабылдап, келіссөздер жүргізді», – делінген мақалада.

Биыл еліміз Түркі мемлекеттері ұйымына лайықты төрағалық етті. Осы кезеңде 80-нен аса іс-шара ұйымдастырылғанын атай кеткен жөн. Ортақ түркі әліпбиінің нұсқасы бекітілді. Бес күн бойы Ұлы дала төсін дүбірге бөлеген V Дү-



Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымына, сондай-ақ Халықаралық Аралды құтқару қорына төрағалық етті. Франциямен бірге Рияд қаласында One Water саммитін ұйымдастырды. Осы жауапты миссияларды еліміз абыроймен атқарып шықты. Жоғары деңгейдегі кездесулерде маңызды бастамалар көтеріп, тиісті құжаттардың қабылдануына ұйытқы болды. Егемен әрі дербес ел ретінде өзінің саяси, экономикалық, әскери қауіпсіздік салаларындағы басымдықтарын ілгерілетте түсті.

Жыл басынан бері Мемлекет басшысы Қатар, Әзербайжан, Сингапур, Тәжікстан, Моңғолия, Франция және Мажарстан елдеріне мемлекеттік сапармен, ал Италия, Ватикан, Армения, Түрікменстан және Сербия елдеріне ресми сапармен барды. Мұндағы кейбір елдерге Қазақстан Президентінің соңғы 20 жылға жуық уақыттан кейін алғаш рет сапарлағанын атап өткен жөн. Бұл Мемлекет басшысының жан-жақты ықпалдастыққа баса назар ауда-

ниежүзілік көшпелілер ойындары осы ұйымның аясында ұйымдастырылған ең маңызды шараның бірі болды. Дүбірлі додаға 90 елден 2 500-ге жуық спортшы келіп, күш сынасты.

Еліміздің көлік-транзит әлеуетін арттыру бағытында айтарлықтай жетістіктер бар.

«Мысалы, Президент 28 ақпанда телекөпір арқылы Қытайдың Сиань қаласындағы Көлік-логистика орталығын ашты. Сиань – Қытайдың тораптық транзиттік орталығы және ең ірі құрғақ порт орналасқан қаласы. ҚХР мен Еуропа Одағы арасына қатынайтын контейнерлік пойыздардың 40 пайызына жуығы осы жерден жөнелтіледі.

3 шілдеде Қасым-Жомарт Тоқаев пен ҚХР төрағасы Си Цзиньпин Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша жүк көліктері мен теміржол контейнерлерін жөнелту рәсіміне телекөпір режимінде қатысты. Қытай – Қазақстан – Каспий теңізінің акваториясы – Әзербайжан – Гру-

зия арқылы өтіп, әрі қарай Еуропа елдеріне баратын Транскаспий халықаралық көлік бағыты уақыт жағынан да, экономикалық тұрғыдан да тиімді көлік жолына айналады.

Сонымен қатар Өзбекстанмен арадағы көлік-транзит мүмкіндіктерін кеңейту және Трансауған теміржолы бағытын дамыту жөнінде уағдаластыққа қол жеткізілді.

Бұдан бөлек, елімізде 1,4 мың шақырым теміржол жөндеуден өтіп, 12 мың шақырым автокөлік жолы салынып жатыр. «Талдықорған – Өскемен», «Қарағанды – Алматы», «Ақтөбе – Атырау – Астрахан» жолдарының халықаралық талаптарға сай жаңғыртылуы еліміздің өңіраралық байланысы мен транзиттік әлеуетін айтарлықтай арттыра түседі», – деді Президент кенесшісі – Баспасөз хатшысы Берік Уәли.

Осы орайда Мемлекет басшысының тапсырмасымен Шығыс Қазақстан облысының тұрғындары қаншама жылдан бері күткен Бұқтырма су қоймасы арқылы өтетін көпір құрылысы аяқталғанын айта кеткен ләзім. Бұл Марқакөл, Күршім аудандарының облыс орталығымен байланысын жеңілдетті. Бұған дейін аталған аудандардың халқы паром арқылы қатынап келген еді.

ТАҒДЫРШЕШТІ ТАҢДАУ

6 қазан күні АЭС құрылысына қатысты өткен жалпыұлттық референдумда халық өз ықтиярын білдіріп, таңдау жасады. 5 561 937 азамат немесе дауыс берушілердің 71,12 пайызы АЭС салуды қолдады. Президент АЭС құрылысына байланысты «Бұл Тәуелсіз Қазақстанның бүкіл тарихындағы ең ірі жобаға айналады. Атом электр стансасын салу – ұзақмерзімді жоба. Аталған бастама еліміздің орнықты дамуын онжылдықтарға ілгерілетеді, сондай-ақ инженерлер шоғыры мен әртүрлі бейіндегі мамандар легін даярлауға жағдай жасайды. Демек, оның пайдасын қазіргі жастарымыз бен болашақ ұрпақ көреді», деп атап өткен болатын.

Референдумнан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев Франция Республикасына мемлекеттік сапары аясында осы елдің Президенті Эммануэль Макронмен және Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Ресей Президенті Владимир Путинмен АЭС құрылысы туралы пікір алмасты. Қазір Қытай тарапымен осы бағытта келіссөздер жүргізіліп жатыр. Яғни, бірнеше жылға созылатын мегажобаны жүзеге асыру атом өнеркәсібінде мол тәжірибесі бар ірі компаниялардан құралған халықаралық консорциумға жүктеледі.

Жуырда Мемлекет басшысы Энергетика министрі Алмасадом Сәтқалиевті қабылдап, елімізде салынатын атом электр стансасының құрылысын жеделдетуді тапсырды.

Осылайша, өркендеу өткеліндегі бір жыл өтті. Материалмен толығырақ Egemen Qazaqstan ба-сылымынан таныса аласыздар.

Нұрлан ҚОСАЙ



СЕНАТ ПАЛАТАНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫСЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

Парламент Сенатының Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысы өтті. Онда сенаторлар күн тәртібіне шығарылған бірқатар заңды қарап, өздерінің депутаттық сауалдарын жолдады.

Отырысты ашқан Сенат Төрағасы, алдымен палатаның және жеке өз атынан Маңғыстау облысында болған ұшақ апатынан қаза тапқандардың отбасылары мен жақындарына көңіл айтты. Мәулен Әшімбаев төтенше жағдайға байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен мемлекеттік комиссия құрылып, құтқару операциясы аясында жедел қажетті шаралар қабылданғанын, сондай-ақ зардап шеккендерге тиісті көмек көрсетіліп жатқанын тілге тиек етті.

Сенат отырысында депутаттар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды қарап, мақұлдады. Талқылау кезінде айтылғандай, заң тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік шараларынан туындайтын мемлекеттік қызметке кіруді шектеу мерзімдерін, олардың салдарларының мөлшерлестігін айқындау, сондай-ақ құқық қорғау органдары мен Қарулы Күштердегі басшы лауазымдарды іріктеуді жетілдіру және оларды жасақтау сапасын арттыру, арнаулы, әскери атағын немесе жоғары басшы құрам мен басқаларының сыныптық шенін төмендету түрінде тәртіптік жаза қолдану тәртібін реттеуді және тағы басқа ережелерді айқындайды.

Сонымен қатар депутаттар «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды екі оқылымда қарап, мақұлдады. Заң нормаларына сәйкес «қоғамдық жұмыстар» түріндегі әкімшілік жаза енгізіледі. Сондай-ақ құжат әкімшілік құқықбұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға құқығы бар лауазымды адамдар шеңберін кеңейтуді көздейді. Іс қысқартылған іс жүргізу тәртібімен жүзеге асырылатын жағдайларда жаңадан ашылған мәңжайлар бойынша істерді қайта қарау тәртібі де айқындалған. Жалпы, заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етуге, әкімшілік-деликтілік заңнаманы жетілдіруге және оңтайландыруға, сондай-ақ құқық қолдану практикасында анықталған құқықтық олқылықтар мен қайшылықтарды жоюға мүмкіндік береді.

Сенат Төрағасы бұл Палатаның биылғы қорытынды отырысы екенін айтты. Ол өз сөзінде 2024 жылғы заңнамалық жұмыстың нәтижесіне тоқталып, 2025 жылға арналған негізгі міндеттерге назар аударды. Биыл Парламент Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында елдің саяси және әлеуметтік-экономикалық орнықты дамуын қамтамасыз етуге, халықтың осал топтарын қорғауға және басқа да маңызды міндеттерді іске асыруға арналған 104 заң қабылдады.

«Жыл басынан бері Парламент 104 заң қабылдады. Олар Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүзеге асыруға, сондай-ақ еліміздің саяси және орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Мемлекеттілігімізді

нығайту, қоғамның осал топтарын қорғау, ел экономикасын, оның қауіпсіздігі мен халықаралық беделін арттыру сияқты көптеген маңызды салалар да қамтылды. Азық-түлік қауіпсіздігі және Экономиканың өңдеуші секторын дамыту мәселелеріне арналған парламенттік тыңдаулар өткізілді. Демографиялық өсу мәселесіне қатысты Үкімет сағаты және 150-ден астам дөңгелек үстел мен Комитеттердің көшпелі отырыстары ұйымдастырылды. Маңызды мәселелер бойынша Үкіметке 180-ге жуық депутаттық сауал жолдадық», — деді палата Спикері.

Бұдан басқа, Мәулен Әшімбаев 2025 жылға арналған міндеттерді белгілеп берді. Олар сенаторлардың заңнамалық жұмысын одан әрі күшейтуді және өңірлермен өзара іс-қимылды жандандыруды көздейді.

«Жыл аяқталғанымен, депутаттық қызметіміз жалғаса бермек. Ертеңнен бастап сенаторлардың өңірлерге сапарлары басталады. Сапар кезінде тұрғындарды алаңдатқан өзекті мәселелерге баса мән беруіміз керек. Халыққа қабылданған заңдардың маңызын да кеңінен түсіндірген жөн. Келесі жылы Сенат Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес әзірленген жаңа Бюджет, Салық, Су, Құрылыс кодекстерін қарайды. Бұл құжаттардың еліміз үшін маңызды екенін ескере отырып, оларды мұқият пысықтауымыз қажет», — деп, Мәулен Әшімбаев әріптестерін Мемлекет басшысы белгілеп берген міндеттерді іске асыру жолында белсенділік танытуға шақырды.

Палата отырысында сенаторлар өздерінің депутаттық сауалдарын да жолдады.

Андрей Лукин шекаралық өткізу пункттеріндегі инфрақұрылымдық мәселелерге назар аударды. Сенатор осы бағытта бірқатар шешім ұсынды. Оның ішінде жүк көлігі үшін сервистік күту аймақтарын құру, шекара маңындағы теміржол стансаларын жаңарту сияқты шаралар бар.

Ғалиасқар Сарыбаев ғарыш саласының негізгі проблемаларына тоқталды. Депутаттың айтуынша, «Бәйтерек» жобасын іске асыруға ерекше көңіл бөлген жөн.

Нұрия Ниязова «Медеу» мұз айдынының спорттық даңқын қайта жандандыру жөнінде бастама көтерді.

Жанболат Жөргенбаев Үкіметті Алматы облысындағы Алатау қаласының құрылысына мемлекеттік қолдауды арттыруға және қолға алынған жобаларды іске асыру үшін 2025 жылға арналған республикалық бюджеттен қаражат бөлуге шақырды.

Бибігүл Жексенбай мәслихаттарды цифрландыру сапасына байланысты мәселелерді көтерді. Осыған байланысты сенатор жағдайды жақсартуға, қызметтерді алу процесін автоматтандыру арқылы халықтың қажетті ақпаратқа жедел қол жеткізуін қамтамасыз етуге қатысты ұсыныстарын жеткізді.

ЖАС ПАРАСПОРТШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Парламент Сенатының Төрағасы, Қазақстан бочча федерациясының Президенті Мәулен Әшімбаев Федерация спортшыларымен және жаттықтырушы құраммен кездесті. Сұхбат кезінде биыл атқарылған жұмыс қорытындыланып, 2025 жылға жоспарланған жарыстарға дайындық барысы және алдағы маңызды міндеттер талқыланды.



Мәулен Әшімбаев боччаны серік еткен жас спортшыларға ілтипат білдіре келіп, олардың осы жылда өткен жарыстарда шеберлік танытқанын және атлеттердің табандылығы мен жоғары деңгейдегі ерік-жігерін айрықша атап өтті. Сондай-ақ ол Мемлекет басшысы инклюзивті қоғам құруға баса мән беріп, тиісті органдарға нақты міндеттер жүктегенін тілге тиек етті.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев инклюзивті қоғам құруды және Әділетті Қазақстан қалыптастыруды мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығы ретінде белгілеп берді. Осы ретте боччаны дамыту елімізде ынтымақтастық, өзара түсіністік және инклюзия мәдениетін қалыптастыру жолындағы озық үлгілердің бірі екені анық. Боччаның паралимпиадалық спорт түрі екенін ескерсек, біздің паратлеттеріміз үшін алдағы уақытта әлемдік ірі сайыстарға қатысуға мүмкіндік мол. Сіздердің табандылықтарыңыз бен ерік-жігерлеріңіз әрдайым жарқын жеңістерге жетелейді сенемін», — деді Сенат Спикері.

Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев Қазақстан бочча федерациясының қызметін қорытындылап, алдағы жұмыс жоспарына тоқталды. Оның айтуынша, отандық параспортшылардың іргелі жарыстардағы жеңістерінің арқасында өтіп бара жатқан жыл табысты болды.

Атап айтқанда, биыл боччадан ашық республикалық турнир, Қазақстан чемпионаты мен ел Кубогі үшін жарыстар және бірнеше маңызды іс-шара ұйымдастырылды. Сондай-ақ жаттықтырушылар мен төрешілер ресми аттестациялаудан өткізілді. Бұл спортшыларды халықаралық стандарттар бо-

йынша жаттықтыруға жол ашады. Одан бөлек, боччадан ұлттық құраманың құрамы жаңартылды.

«Спортшыларымыз отандық және әлемдік жарыстарда белсенділік таныта білді. Осы ретте боччадан халықаралық челленджерлерді ерекше атап өткім келеді. Сол сайыстарда Қазақстан құрамасы айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. Сондай-ақ елімізде боччашылар қауымдастығының даму қарқыны көңіл қуантады. Қазір 20 өңірдің 11-інде бочча үйірмелері ресми түрде жұмыс істеп келеді. Алдағы уақытта бүкіл елді қамтуды жоспарлап отырмыз. Тағы бір айта кетер жайт, 12 паратлетіміз «Қазақстан Республикасының спорт шебері» атанды. Жасөспірімдер қатарынан тағы 10 атлет спорт шеберіне үміткерлер санатына қосылды. Келесі жылы Astana Boccia Challenger ірі халықаралық турнирі өтеді. 20-ға жуық елдің өкілдері қатысатын бұл сайыс алдағы жылдың басты оқиғасы болмақ», — деп, Мәулен Әшімбаев осындай ауқымды жұмыстың жүйелі жүргізілуіне белсенді атсалысып, қолдау көрсетіп келе жатқан спортшыларға, ата-аналарға және жаттықтырушылар мен төрешілерге алғыс білдірді.

Айта кетейік, биыл Финляндияда өткен халықаралық жарыста қазақстандық боччашылар жеке және командалық сында 3-орын алды. Бахрейнде болған ірі турнирдің жеке лей сынында Алматы Рехат күміс медаль еншілесі, Итиана Шыңғысханова қола жүлдеге қол жеткізді. Сондай-ақ Руслан Ерембаев пен Эльмира Мүсірәлиева жұптық жарыста үшінші орыннан көрінді. Ал, Қуаныш Асқарбеков, Александр Курмантаев және Итиана Шыңғысханова командалық сайыста жеңіс тұғырының екінші сатысына жайғасқан еді.

МЕЖЕ

28 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

Биыл еліміздегі барлық деңгейдегі мәслихаттар үшін мерейлі жыл болды. Қазан айында «AMANAT» партиясы мәслихаттар депутаттарының II Республикалық форумы ұйымдастырылды. Мемлекеттік реформалардың жүзеге асуы алдымен жергілікті жерлердегі мәслихаттардың жұмысына тікелей байланысты.

Астана қаласы мәслихатының депутаттары қаланы дамытудың жоспарын құрып, экономикалық және әлеуметтік бағдарламалар мен бюджетті бекітіп, оның орындалуын қадағалап, қоғамдағы маңызды мәселелерді талқылап, қауіпсіз өмірді қамтамасыз етуде орасан еңбек етті десек болады.

2024 жылды қорытындылаған жиында қалалық мәслихаттың төрағасы Ерлан Каналимов Астана үшін биылғы жыл өте нәтижелі болды деді. Тынымсыз еңбек нәтижесінде депутаттар жыл басынан бері 16 сессия, бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның 7 отырысын, заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның 13 отырысын, құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның 13 отырысын, сондай-ақ әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның 8 отырысын өткізді. Сонымен қатар 35 жұмыс отырысы, 4 қоғамдық тыңдау, 33 «Депутат күні», 5 бірлескен отырыс, 142 нысанның жұмысымен танысып, жұмысшылармен кездесу ұйымдастырды. Мәслихат отырыстарында 200-ден астам мәселе қаралып, тиісті шешімдер қабылданды. Мәслихат төрағасының айтуынша, депутаттар бюджет бағдарламаларын бекіту және бюджет өтімдерін қалыптастыру үдерісіне қатысу арқылы өз міндеттерін толық көлемде орындады.

— Айта кету керек, биыл мәслихат депутаттары шығыстардың басым бағыттарын ескере отырып, 2025 жылға арналған қаржыландыруды бөлу бойынша ұсыныстарды тиісті лимит аясында екінші рет дайындады. Нәтижесінде, мәслихат депутаттарының тікелей қатысуымен Астананың үш жылдық бюджетіне бірқатар өзгеріс енгізілді, — деді Ерлан Каналимов.

Қантар айында өткен кезектен тыс сессияда депутаттар 2035 жылға дейінгі бас жоспар жобасын бірауыздан мақұлдады. Бұл құжатқа сәйкес, 2035 жылға қарай елорда халқының саны 2 млн 275 мың адамға жетеді деп болжануда. Қала 148 секторға бөлініп, инженерлік инфрақұрылымды, көшелер мен жолдарды, сондай-ақ мектептер мен ауруханалар сияқты әлеуметтік нысандарды дамытуға үлкен көңіл бөлінді.

Сонымен қатар 2023 жылдың сәуір айында мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов елорда да алтыншы аудан құру туралы бастама көтерді. Бұл бастама, ең алдымен, халық санының өсуі мен азаматтардың қажеттіліктерін ескере отырып, аумақты тиімді басқару мен дамытуды көздейді. Жалпы айтар болсақ, елордадағы Алматы ауданы халық ең тығыз қоныс-

танған аудандардың бірі болып табылады. Ауданда алты тұрғын алабы бар: «Промышленный», «Железнодорожный», «Интернациональный», «Мичурино», «Күйгенжар» және «Юго-Восток». Аудан аумағы 15 471 гектарды құрайды, ал тұрғындар саны шамамен 400 мың адамға жетті. Тұрғын үй қоры 885 көпқабатты тұрғын үйден тұрады. №1 Индуст-

ЕЛОРДА — ЕЛДІҢ ЕҢСЕСІ



риялық парк аумағында 51 кәсіпорын жұмыс істейді, ал «Железнодорожный» тұрғын алабында №2 Индустриялық парктің құрылысы жоспарлануда. Осыған байланысты аудан әкімдігі аппаратына түсетін жүктеме айтарлықтай артқан.

Биыл мәслихат депутаттары Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты мен Мәжілісінің жұмыс топтарының отырыстарына белсенді қатысып, «Құрылыс кодексіне», алкоголь өнімдерін сату ережелеріне, ойын-сауық орындарының жұмысына өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар берді. Сондай-ақ автобус жүргізушілерінің тапшылығының себептерін анықтау және елордадағы қоғамдық көлік жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар жасады. Қазір Мәжіліс депутаттарымен бірге «Елорда мәртебесі» туралы заңға түзетулер енгізу мәселесі талқылануда. Астананың жергілікті ерекшеліктері мен қалыптасқан жұмыс тәжірибесін ескере отырып, жаңа редакциядағы абаттандыру ережелерін бекітті. Мамандар ережелер 4 бөлім мен 176 тармақтан тұрады және жеке, заңды тұлғалардың абаттандыру мен ұстау саласындағы қарым-қатынасын реттейді деп отыр.

— Бұған дейін біз ТКК контейнерлеріне арналған алаңдар мен олардың жағдайына қойылатын талаптарды, ғимараттардың құ-



десулер өткізіп, шағынаудандар мен тұрғын алаптардағы өзекті мәселелерді анықтауға бағытталған жұмыстар жүргізді. Көшпелі кеңестердің нәтижесінде жүйелі және ағымдағы бірқатар мәселе анықталды, олардың талдауы депутаттық корпусстың қарауына ұсынылады, — деп мәлімдеді Е.Каналимов.

Қоғамда қордаланған мәселелерді талқылау, шешу мақсатында қаланың әкімі, әкімнің орынбасарлары мен басқарма басшыларының қатысуымен «AMANAT» партиясы фракциясының 6 отырысы өтті. Жиында қаланы дамыту туралы 126 тармақ қамтылған бағдарламалық құжат бойынша жұмыстың орындалуы және кейін орындалуға тиіс 4 тармақтың жүзеге асу мерзімі белгіленді.

— Биылғы басты жетістіктеріміздің бірі — елорданың өртүрлі саласын дамыту бойынша қабылданған «Кешенді даму жоспарларының» сәтті жүзеге асуы, — деді Е.Каналимов. Мысалы, «Елордада қылмысқа қарсы күрес, құқықтық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспары» аясында полиция қызметкерлеріне әлеуметтік кепілдіктерді арттыруға қаражат бөлінді, оның ішінде тұрғын үй төлемдері, патрульдік полиция қызметкерлерін формалық киіммен қамтамасыз ету шаралары қарастырылды. Бейнебақылау жүйесі жаңғыртылып, заманауи жабдықтар сатып алынды, жалақы арттырылды.

Сонымен қатар қаланың ТЖД-ның қызметін оңтайландыру, денсаулық сақтау жүйесін дамыту, мәдениет және руханиятты қолдау салауатты өмір қалыптастыру мақсатында бұқаралық спортты дамыту, ардагерлерге қамқорлық және әлеуметтік-тұрмысты жақсарту бағытындағы кешенді жұмыстар жүзеге асырылып жатыр.

Астана мәслихаты тек өңірлік әріптестермен ғана емес, жақын және алыс шетелдік әріптестерімен де тығыз ынтымақтастық орнатып, қалалық мәслихат пен

Санкт-Петербургтің Заң шығару органы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Қазір Мәскеу қалалық думасының депутаттарымен ынтымақтастық туралы меморандум негізінде алдағы бес жылға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары қол қою сатысында талқыланып жатыр. Ал Марокко Корольдігіне барған сапар тәжірибе алмасу тұрғысында өте жемісті болды. Жақында астаналық делегация Эстония мен Финляндияға ресми сапармен барып қайтты. Мәслихат төрағасының айтуынша, әрбір сапар — бұл ең алдымен тәжірибе алмасу. Депутаттар тәжірибе алмасу барысында озық үлгілерді жергілікті жағдайларды ескере отырып, бейімдеп енгізуге тырысады.

Ел астанасының әлеуметтік-экономикалық даму бағытындағы жұмыстарын алдағы жылдардағы ауқымды жұмыстардың бастамашысы екені белгілі. Әсіресе, жол қатынасы, көлік жүйесін кешенді дамыту, елорданың қауіпсіздігі, жұмыспен қамту, көгалдандыру, абаттандыру және басқа да маңызды мәселелер бас қаланы өркендетумен қатар, республикамызды дамытуда да маңызды рөл атқарады. Бұл тұрғыдағы негізгі басты міндет — бюджеттік қаражатты бақылау және тиімді пайдаланумен байланысты. Елорда үшін әлеуметтік нысандардың, мектептердің, медициналық мекемелердің пайдалануға берілуі және Қ.Мұнайпасов атындағы стадионды қайта жаңғыртуды аяқтау, көлік жолайрықтарының, жылу және энергия көздерінің, сондай-ақ инженерлік инфрақұрылымның басқа да нысандарының құрылысын жоспарға сай атқарудың маңызы зор. Қала да, қала халқы да өсіп келеді. Сондықтан халық саны мен инфрақұрылымдардың үйлесімділігі ең басты өзекті мәселе болып отыр.

Мәслихаттың қорытынды жиынында Ерлан Ермеқұлы қала тұрғындарын келе жатқан 2025 жаңа жылымен құттықтады.

— Баршаңызға бақыт, денсаулық, қаржылық тұрақтылық және бейбіт аспан тілеймін. Жаңа жыл — бұл ең жарқын мерекелердің бірі. Бұл үміт пен батыл жоспарлардың уақыты. Осы жылдары қол жеткізілген барлық жетістіктер жаңа жеңістерге серпін берсін!, — деді ол.

Тілекші ЕСДӘУЛЕТ

БАҒДАР

28 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

ЕҢБЕКТИҢ ӨНБЕГІ БАҒАЛЫ

Тарих қойнауына еніп бара жатқан 2024 жыл «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы үшін табысты кезең, жемісті жыл болды деп нық сеніммен айта аламын. Мақсаты ортақ, мүддесі бір, ауызбіршілігі мықты ұжым ретінде алға қойған межемізді түгелдей дерлік орындап шықтық. «Еңбектің өнбегі бағалы» дейді халқымыз. Табандылық танытумен, қажыр-қайрат жұмсаумен келген жетістіктеріміз еселі деп білеміз. Жыл аяқталып, есеп беретін тұста, әрбіріміздің үлесіміз бар, маңдай теріміз сіңген таудай табыстарымыздың бірқатары туралы айтып өтуді жөн көріп отырмын.

Алдымен жақтастарымыздың қатары артқанынан бізге деген азаматтар сенімінің жоғары екенін көріп, қуаныштымыз. «AMANAT» партиясының Түркістан облысындағы құрамы 1400 жаңа мүшелермен толығып, қатарластарымыздың саны 84 мың адамға жетті. Түрлі еңбек ұжымдарында Отанымыздың қуатын арттырып отырған жақтастарымыз 242 бастауыш партия ұйымдарына бірігіп, Мемлекет басшысы қолға алған түбегейлі саяси реформаларды ауыл-аймақтарда нақтылы іске асыруға жұмылып, партиямыздың шын мәніндегі өзгерістер жаршысы болып танылуына күш жұмсап келеді.

Партияластарымыздың арасында терең ауызбіршілік орныққанын биылғы жылдағы үлкен саяси науқан – АЭС салу бойынша өткен референдум дәлелдеп берді. Қоғамда жаңа саяси мәдениетті қалыптастыруға жетелейтін науқанның алғы шебінде аманаттық өкілдер жүрді. Бір айға жуық мерзімде АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штаб өкілдері облысымыздың әр қиырындағы 500-ден астам елді мекенге табан тіреді, барлығы 730 түсіндіру кездесулерін өткізді.

Парламент Мәжілісінің және партиямыздың Төрағасы Ерлан Қошанов биылғы жылдың ішінде облысымызға жұмыс сапарымен екі мәрте келді. Төлеби ауданында «Жастар Рухы» жастар қанаты өткізген республикалық саяси лагерьде АЭС салу бойынша партиямыздың ұстанымы алғаш мәрте жария етілді. Республикалық Халықтық штаб өкілдерінің бейбіт атом энергетикасы туралы



өңірлердегі түсіндіру жиындары Түркістаннан бастауын алды. Бұл да бізге артылған үлкен сенім болғанын айтуымыз керек.

Елімізде алғаш мәрте экономикалық мәселені қоғам талқысына шығарған референдумға Түркістан өңірінің дауыс беру құқығына ие тұрғындардың 75 пайыздан астамы катысып, қоғам игілігі үшін атқарған жұмыстарымыздың нәтижесін көрсетті.

Республикалық сайлауалды штаб бекіткен жоспардың барлық 16 тармағы толықтай орындалды. Оның ішінде Кентау қаласына қатысты жылу энергоорталығына реконструкциялау жұмыстарының бірінші кезеңі аяқталып, тұрғындар сапалы жылу қуатымен қамтамасыз етілді, кәсіпорында өндірілетін электр қуатының көлемі артты. Кентау қаласы мен оған іргелес елді мекендердің экологиялық мәртебесін айқындау мәселесі шешімін тапты.

Партияның сайлауалды бағдарламасын Түркістан облысында іске асыру жөніндегі Жол картасының 2024 жылға жоспарланған 126 тармағын орындау айрықша бақылауымызда болды. Партия айқындаған міндеттердің жүзеге асуына Түркістан облысының әкімі, Түркістан облыстық мәслихатының төрағасы, фракция депутаттары, басқарма және департамент басшылары, аудан, қала әкімдері бір кісідей үлестерін қосып, азаматтардың табысы мен өмір сапасын арттыру, өмір сүру жағдайларын және экологиялық ахуалды жақсарту бағыттары бойынша жүйелі жұмыстар жүргізді.

Нәтижесінде, өңірімізде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша салынған алғашқы нысандар, жаңа мектептер, медициналық пункттер мен амбулаториялар, оңалту орталығы, спорт кешендері, өрт сөндіру және полиция бекеттері, мәдениет үйлері ел игілігіне пайдалануға берілді. Ауызсу, газ, электр жарығы бойынша да қарқынды жұмыстар атқарылды. Ауыл шаруашылығы, инвестициялық жобалар, құрылыс саласы, жаңа жұмыс орын-

дарын құру бастамалары бойынша индикаторлық көрсеткіштердің орындалуы қамтамасыз етілді.

Партияның беделіне айналған «Жер аманаты» жобасы аясында, 50,4 мың гектар жерді ортақ жайылымға қайтару жоспарланса, нақтылы 62,8 мың гектардан астам жайылым жер қоғам игілігіне қайтарылып, жоспар 124,7%-ға орындалды. «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында 14 мыңнан астам азамат отбасылық табысты басқару негіздері бойынша білім алып, тұрғындардың қаржылық сауаттылығын көтеруге арналған жоспар 135,6%-ға орындалды. «Ауыл аманаты» жобасы аясында, 2023 жылы берілген несиелердің қайтарымы 1,6 млрд теңгені құрады. Оның 1,1 млрд теңгесіне 142 жоба қайта қаржыландырылды. Жобаны жалғастыруға 62 ауылдық округ және 62 кооператив белгіленді.

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы шеңберіндегі «AMANAT» партиясының «Таза бейсенбі» апталығы облысымыздың барлық аймағында өтіп, оған 19 мыңға жуық адам қатысты, өзен, көлдер жағалауларынан, тау бөктерінен, тарихи және киелі орындардан, көпшіліктің демалыс орындары болып түзілген аймақтардан 275 тоннадан астам қоқыс шығарылды. Күзгі мезгілде қарқынды жүрген тал егу жұмыстарына аманаттық өкілдер елеулі үлестерін қосты.

Бұл бастаманың маңызын арттыруда партияның Түркістан облыстық филиалы экологиялық тазалық жұмыстарын көпшілік қадір тұтатын, киелі жер деп байыптап, қасиетті орынға балайтын аумақтарда өткізуді дәстүрге айналдырды. Партияластарымыздың ұйытқы болуымен осы мазмұндағы ізгілікті істеріміз Қожа Ахмет Ясауи, Ақбура әулие, Ғайып Ерен Қырық Шілтен, Кемеқалған, Ғауһар ана, Домалақ ана, Мұңлық-Зарлық, Жаныс баба, Түркібасы әулие, Баба түкті Шашты Әзиз, Бәйдібек баба, тағы басқа көптеген қасиетті орында өтті.

«Кедергісіз келешек» жобасы аясында Сауран ауданында 200 орындық ересектерге арналған сауықтыру орталығы ашылса, мүмкіндігі шектеулі балалар арасында «Тең мүмкіндіктер» спорттық фестивалі өтті. Ал «Ардагерлерді ардақтайық!», «Ұлттық мұра» жобалары шеңберінде өмір жасы 100-ден асқан қарияларға құрмет көрсетіліп, барлық аудан-қалаларда және облыстық деңгейде «Бағатөй қария» байқаулары болып өтті.

Партия филиалы ұйытқы болған, қоғамды топтастырған іс-шаралардың қатарында бастауыш партия ұйымдарының, ауыл әкімдерінің, депутаттардың, Әйелдер қанаты мүшелерінің форумдарын атап өтуге болады. «Кітап – AMANAT» орталықтарын Жетісайдың ізімен Түлкібаста, Мақтаралда ашуға ұйытқы болдық. Партияның облыстық филиалы Әйелдер қанатының бастамасымен Түркістан қаласында Әйелдер қанатының медиация орталығында қоғамдық қабылдау бөлмесі ашылды.

Партия филиалына қарасты қоғамдық қабылдау бөлмелері 18 мыңнан астам азаматтың шағымдарын тыңдады, оның 63 пайыздан астамы оң шешім тапқанын баршамаыз атқарып отырған жұмыстың оң нәтижесі деп білеміз. «Құқықтық көмек» жобасы нағыз халықтық бастамаға айналып, шалғай елді мекендерде біз өткізген 264 мобильді көшпелі қоғамдық қабылдаулар тұрғындардың ең жоғары бағалауына ие болып отыр.

Депутаттық корпуспен де жұмысты жүйелеуді нәтижелі іске асырып келеміз. Бұл бағытта фракция мүшелерінің жұмысын бағалау жүйесін енгізіп, олардың қорытындыларын Саяси кеңес бюросы мен фракция отырыстарында қарау тәжірибесін енгіздік. Республика өңірлерінің ішінде Түркістан облысы екінші жыл қатарынан облыстық мәслихат депутаттарының және аудандық, қалалық мәслихаттар төрағаларының қатысуымен брифингтер өткізуді қолға алды.

Партиямыздың жастар буыны еліміздегі көктемгі су тасқыны кезінде зардап шеккен аймақтардың тұрғындарына гуманитарлық көмек жөнелту ісімен белсене шұғылданды. Бұл жұмыстарға аманаттық депутаттар, Әйелдер қанаты да үлестерін қосып, табиғи апат болған аймақтарға алғашқылардың бірі боп жетті.

Облыстық «Жастар Рухы» жастар қанаты «Ақылман» ойындарының іріктеу кезеңдері мен облыстық байқауын өткізді, өңіріміздегі саяси партиялар арасында «Мәслихат Cup» футболдан жарыс ұйымдастырды тағы да басқа қоғамды топтастыратын маңызды іс-шараларды, патриоттық акцияларды ұтымды атқара білді. Осы жұмыстардың нәтижесінде партиямыздың «Жастар Рухы» жастар қанатының Түркістан облыстық филиалы республикада ең үздік аумақтық филиал деп танылса, осы құрылымның консультанты, жас белсенді Еркебұлан Мадиярұлы Түркістан облысының үздік волонтері деп танылып, түркістандық қоғамдастықтың ыстық ықыласына бөленді.

Ортақ іске бірлесе жұмылып, жанашырлықпен атқарған істеріміз бізді осындай бедел биігіне, үстем абыройға жеткізіп отыр. Ұжыммен келген еңбектің тәтті жемісін көруді – үлкен бақыт деп білеміз. Жылды табысты аяқтауға көмекші болған, жүктелген іске аса жауапкершілікпен қараған әріптестерім, партия, белсенділері, бастауыш ұйымдардың өкілдері бүгін партияның «Белсенді қызметі үшін» қоғамдық наградасымен, «Түркістан облысына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, Түркістан облысы әкімінің Алғыс хатымен және Түркістан облыстық мәслихатының Грамотасымен марапатталды. Қоғам мен билік арасындағы алтын көпір миссиясын атқарып жүрген барлық партияластарыма шынайы ризашылықымды білдіріп, алғысымды жеткіземін!

Партияның Түркістан облыстық филиалы алдағы 2025 жылы да белсенді ұстанымда болып, жұмыс қарқынын еселей түседі деген сенімдемін. Бұл жұмыстардың барлығының басы-қасында еліне адал қызмет ететін, еңбекқор, болашаққа нық қадам баса білетін өздеріңіз секілді партияластарымыз жүр деп білемін!

Кіріп келе жатқан 2025 жылдың алтын арайлы мекенімізге төгетін шапағаты көп болғай! Әрбір қазақстандық отбасы бақыт шуағына бөленіп, ырыс-несібесі молына болсын! Еліміз дәулетті, мемлекет қуатын арттыруға арнаған жұмыстарымыз жемісті бола берсін!

Алтынсары ҮМБЕТӘЛИЕВ,
«AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы

ӨЗЕКТІ

28 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

(Басы 1-бетте)

А Елдос СЕНБАЙ**КҮТКЕН ҮМІТ
АҚТАЛДЫ МА?**

«Мемлекеттің мықты тірегіне айналып, бюджетті молынан толықтырады деп күтілген «Астана» халықаралық қаржы орталығын бюджеттен қаржыландыру неге жалғасып жатыр?» деген сауал қалаулылардың да санасына шаншудай қадалып, басын қатырып жүр.

Мәжіліс депутаттары бұл орталықты құрғанда, сол үшін Ата заңды өзгерткенде (АХҚО Жоғарғы сотқа бағынбайды әрі Қазақстан мен ТМД көлемінде тек соның аумағында ағылшын-саксондық коммерциялық құқыққа құрылған бөгде юрисдикция қолданылады), оның елге келтіруге тиіс пайдасы, қайтарымы нақты жарияланғанын еске салды.

Біріншіден, бұл орталық — елді орнықты дамытуға тиіс. Екіншіден, ол елімізге шетелдердің капиталын тартудың қуатты құралына айналып, қор нарығын жаңа даму деңгейіне шығаруға тиіс. Алайда Қазақстанға келетін тікелей шетелдік инвестиция (ТШИ) көлемі төмендеп барады.

Үкіметтің ресми дерегіне, орталық құрылғанға дейін, 2018 жылы Қазақстан 24,3 миллиард доллар ТШИ тарта алыпты, бұл алдыңғы жылдағыдан 15,8% көп. 2023 жылдың қорытындысында елге небәрі 23,4 млрд доллар тікелей шетелдік инвестиция келген. 2022 жылғыдан 16,9%-ға құлдыраған. Соның ішінде елге келе сала, қайта өкелілмегені, «таза тікелей шетелдік инвестициялар ағыны» 2 есеге — 2022 жылғы 6,5 миллиардтан 2023 жылғы 3,2 миллиард долларға дейін құлады.

Төмендеу жалғасты. Ұлттық банктің дерегіне, биылғы қазандағы жағдай бойынша таза тікелей шетелдік инвестициялар ағыны 2024 жылдың басынан бері небәрі 1 млрд 594 млн долларды құрады. Мұнда ІІ тоқсанда тіпті минустық көрсеткіш тіркелді: елден өкелілген капитал елге келген ТШИ-ден үш жүз миллионға асып түсті (-302 млн доллар). Салыстырсақ, 2016 жылы елге келген тікелей инвестициялардың таза ағынының көрсеткіші рекордтық 8 млрд 514 долларға жеткен. Бұл кері кетулердің сұрауы кімнен болады?

Ел басышылығы «Астана» қаржы орталығын — өңірдің басты қаржы хабына айналдыру міндетін де қойды. Ол неге орындалмады? Бұған халықаралық санкциялардың өңірдегі АХҚО-ның бақталасын — «Мәскеу халықаралық қаржы орталығын» күйретуі де көмектеспепті.

Салыстырсақ, Дубай халықаралық қаржы орталығы (DIFC) 2004 жылғы қыркүйекте құрылды. Содан бері DIFC-дің елдің ішкі жалпы өніміне қосқан үлесі 8%-ға жеткен! Яғни, осы орталық ел экономикасының сегіз пайызын бір өзі беріп отыр.

Мәжіліс депутаты Ирина Смирнованың айтуынша, Қаржы министрлігі «Астана» қаржы ор-

БЕЛСЕНДІ БИЗНЕС ЭКОЖҮЙЕСІН ҚҰРМАҚ



талығын қаржыландыруға ақша сұрап, Парламентке тағы жүгінді. Ол ақша 2025-2027 жылдарға арналған республикалық бюджеттің «Астана» халықаралық қаржы орталығының әкімшілігі» АҚ-ына нысаналы аударым» аталатын 099-шы бюджеттік бағдарламасы аясында бөлінді. Депутат бұл орталықтың «тәбеті», бюджетке артқан шығындары жыл сайын азаймай жатқанына назар аударды. Мысалы, 2024 жылы аталған 099-шы бюджеттік бағдарлама аясында АХҚО-ға 8 млрд 910 млн теңге берілді. Ал алдағы үш жылдық шығысы 21 миллиардтан асып кетпек.

— Қаржы орталығы 6 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Осы жылдар бойы республикалық бюджет оны ұстап тұру үшін қып-қызыл шығынға батты. Орталықтың қаптаған ұйымдары мен органдарын ұстап тұру, олардағы жоғары жалақылы қызметкерлер мен бастықтардың енбекақысын, сыйлықақысын, басқасын төлеу өте ауқымды соманы талап етеді. Меніңше, мемлекеттік қаржыландыру АХҚО-ның бастапқы кезеңде ол еңсесін тіктеп, төрт аяққа тең тұрып кетуі үшін қажет болды. Оның бүкіл инфрақұрылымын мемлекет өзі құрды. Технологяларының дамуына жағдай жасады. Дүниежүзінен білікті мамандарды тартуына мүмкіндік берді, — деді И.Смирнова.

Мемлекет халықаралық қаржы орталығы үшін елдегіден қатты ерекшеленетін төл заңнамасын түзіп берді. Бүгінде АХҚО Парламенттен сұрамай, өз заңдарын өзі жазады.

«Алайда қабылданған алдағы үш жылдық бюджетке сәйкес, «Астана» халықаралық қаржы орталығын республикалық бюджеттен қаржыландыру кейінгі 3 жыл бойы әрі жалғаспақ. Осы мақсатта шамамен 21,7 миллиард теңге бөлу жоспарланған. Осыдан сұрақ туады: неге АХҚО-ны бюджеттен қаржыландыру жал-

ғасып жатыр? Ол әлдеқашан өзін-өзі ақтауға көшуі керек еді», — деді Мәжіліс депутаты.

Бірқатар сарапшы АХҚО-ны «Астана ортасындағы оффшор» деп атап жүр. Олардың айтуынша, негізгі табысын Қазақстанда табатын компаниялардың да АХҚО-да тіркелуі оларға салықтан жалтаруға мүмкіндік беріп, мемлекеттік бюджетті елеулі түсімнен айырады. Өйткені АХҚО-да тіркелген ұйымдар біраз салықтан босатылады.

АХҚО НЕГЕ ТАНЫМАЛ?

«Астана» халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Ренат Бектұров халықаралық нарыққа шыққысы келетін компаниялар бизнесін тіркеу үшін орталықтың юрисдикциясын таңдайтынын айтады.

— Бұл — әркімнің өз таңдауы. Ұлттық заңнама ешкімді АХҚО-да тіркелуге міндеттемейді. Мысалы, Қазақстан аумағында ғана бизнес жүргізетін компания қазақстандық юрисдикцияда қала алады. Егер Қазақстанмен шектелмей, сондай-ақ Орталық Азия елдерінде жұмыс істегісі келсе, таңдауы кеңейеді. Мысалы, әлемнің бірнеше елінде әрекет ететін жаһандық бизнес көп нұсқаны қарастырады, Сингапур, Дубай, Гонконг және басқа ірі қаржы орталықтарында тіркеледі, — деді Р.Бектұров.

Ол өзінің мақсаты — елде белсенді бизнес-экожүйесін құру екенін нықтады. Бұған АХҚО юрисдикциясын таңдаған компаниялардың санын арттыру арқылы да қол жеткізбек. АХҚО басқарушысы өз бизнесін осы орталықта тіркеуді таңдаған компаниялардың саны 3 500-ге жуықтап қалғанын мәлімдеді.

— Былтыр бізде рекордтық өсім болды: АХҚО-ға бірден 672 компания қосылды. Биыл бұл рекордты жанарттық. 1,1 мыңнан астам компания тіркелді. Қаржы орталығында қаржы компаниялары ғана емес, сондай-ақ тау-

кен өндіру, сауда, IT, ауыл шаруашылығы сияқты басқа да салалардың бизнестері қаптап тіркеліп жатыр. Бұл бізге әр алуан және кешенді экожүйені құруға мүмкіндік береді. Оларда әртүрлі салалар өзара ықпалдасып, бірге дами алады, — деді Ренат Бектұров.

Орталықта 85 елдің, соның ішінде Қазақстан, АҚШ, Ұлыбритания, Қытай, Түркия, Сингапур және басқасының компаниялары тіркелді. 2024 жылы тіркелген компаниялар арасында қаржы компанияларының үлесі 36%-ды құрады. Ақпарат және байланыс саласының еншісі — 10%, кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет — 8%, тау-кен өнеркәсібі — 8%, қосалқы қызмет көрсетушілер — 1%, көтерме және бөлшек сауда компаниялары — 18%. 19%-ы өзге қаржылық емес секторларға тиесілі.

Ал Қаржы министрі Мәди Такиев АХҚО-ны бюджеттен қаржыландыру жалғасып жатқанын жасырмады.

— Шынында, бүгінде оның басқарушы компаниясының енбекақы төлеу қорын толығымен республикалық бюджеттен төлеп отырмыз. Оның құрамында АХҚО Соты, АХҚО Халықаралық төрелік орталығы, Жасыл қаржы орталығы бар. Бұл органдар өз бетінше табыс таба алмайды. Сондықтан оларды республикалық бюджеттен ұстап тұруға тура келеді. Негізі, халықаралық тәжірибе де соған ұқсас. Ел үкіметтері мұндай үлкен орталықтардың операциялық шығыстарын ел қаржысынан өтейді, — деді еліміздің бас қаржыгері. Бірақ қандай халықаралық қаржы орталығында солай екенін нақтылап жатпады.

Министр АХҚО шығынын азайтуға уәде етті: «2025 жылға 8,9 миллиард теңге бөлуді жоспарладық. Биылғы жыл қорытындысында орталыққа тіркелген компаниялар 50 миллиард теңгеден астам салық төлейді деп кү-тіледі. АХҚО құрылғалы бері

оның қатысушылары салықтар түрінде 115 миллиард теңге түсім түсірді. Ал біз АХҚО-ны ұстап тұруға осы жылдары бюджеттен 107 миллиард теңге шығындадық. Тіркелген компаниялардың белгілі бір пулына қол жеткізілсе, орталық өзін-өзі қаржыландыра алатын дәрежеге жетуі мүмкін. Бірақ ол жағдайда да енбекақы төлеу қорын бәрібір бюджет көтереді», — деді Қаржы министрі Мәди Такиев. Ендеше бұл орталық бюджет мойнынан ешқашан түспейтіңге ұқсайды.

**ОН МЫҢДАЙ АДАМ
НЕ БІТІРІП ЖҰР?**

АХҚО басқарушысы Ренат Бектұровтың мәліметінше, жұмыс істеген барлық кезең — 6 жыл ішінде АХҚО елге жалпы көлемі 14 миллиард доллар ғана инвестиция тарта алған. Алайда оның 6,7 миллиард доллары — Astana International Exchange биржасындағы портфельдік инвестициялар, акциялар ғана. Қалған 7,3 млрд доллары — АХҚО қатысушыларының инвестициясы.

— Қаржы орталығы ашылғалы ол өңірге инвестициялар тартуға жәрдемдесу үшін қажетті жағдайлар мен инфрақұрылымның, сондай-ақ инвесторлар үшін қолайлы әрі түсінікті ортаның қалыптасуына берік негіз жасанды. Биыл назарымызда бұрын құрылған платформаларды тиімді дамытуға аудардық. АИХ-те сауда-саттық көлемі 2 есе өсті. Юрисдикциямызға ірі компаниялар келді. Алғаш рет жергілікті суқук листингтен өтті. Инвестициялық корпоративтің көлемі өсті. Бірнеше криптобиржа толық реттеуші режимге шықты. Орталықтың құқықтық базасы жетілдірілді. Биылғы жыл нәтижелері елдің қаржы саласын одан әрі дамытудың іргетасын қалады, — деген сенімде Р.Бектұров.

АХҚО баспасөз хатшысы Айнұр Исабаеваның мәліметінше, 2024 жылы «Астана» халықаралық қаржы орталығы арқылы 3,1 млрд доллар инвестиция тартылды. Бірақ соның ішінде басым бөлігі, 2,1 млрд доллары — Astana International Exchange биржасындағы портфельдік инвестициялар. Қалған 1 миллиарды ғана — АХҚО қатысушыларының инвестициясы.

Айта кету керек, «Global Financial Centres Index36» рейтингіне сәйкес, бүгінде АХҚО барлық қаржы орталығының арасында 62-ші орында тұр.

Орталықтың дерегіне, биылғы жылдың ІІІ тоқсаны қорытындысында АХҚО қатысушылары Қазақстан бюджетіне 41,3 млрд теңге салық төледі, бұл өткен жылмен салыстырғанда 4,3 млрд теңгеге артық. Қаржы орталығы қызметінің бүкіл кезеңінде 126,5 млрд теңге салық төленді. Сонымен қатар АХҚО экожүйесінде 2 353 жұмыс орны құрылды. Бұл орталықта жалпы саны 9 600 адам жұмыс істейді.

Бұл сандар АХҚО-дан аздықөпті қайтарым барын аңғартады. Тек сарапшылар дабыл қаға айтып жүрген проблемалар шешімін тапса, құба-құп.

ЖАНАЗЫҚ

28 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

Тарихи қоржынымыз өткеннің бетін ашатын, тарих сахнасында болған алуан оқиғаларға баға беретін тағы біртүң еңбекпен толықты. Аптаның бейсенбінде Алматы қаласындағы «Алашорда ісі. 1920-1940 жж. Құжаттар мен материалдар» атты 12 томнан тұратын тарихи-құжаттық жинағының тұсаукесері өтті.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Тарихи сананы қалыптастыруға ықпал ететін жинаққа Ішкі істер министрлігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің арнайы мемлекеттік архивтерінде құпия сақталып келген ХХ ғасырдағы саяси қуғын-сүргінге қатысты құжаттар енгізілді. Олардың қатарында бұрын жарияланбаған 3000-нан астам құжат және фотосуреттер бар. Жинақ Мемлекеттік кеңесші Ерлан Кариннің жалпы редакциясымен жарық көрді. Зерттеу жұмысы ғалым, тарих ғылымының докторы, академик Мәмбет Қойгелдиевтің ғылыми жетекшілігімен жүзеге асырылды. Сондай-ақ тарихи-құжаттық жинақтың қалың оқырманға жол тартуына 35 тарихшы-ғалым, археографтар, архившілер және Ұлттық ғылым академиясының академиктері Х.Әбжанов, З.Қабылдинов, тарих ғылымдарының докторлары Б.Жангуттин, Қ.Әлімғазин, саяси ғылымдарының



АЛАШОРДА ІСІ: 12 ТОМДЫҚ ЖИНАҚ ЖАРЫҚ КӨРДІ

тік реформа мәселесін қаралды. Ал 2020 жылы 24 қарашада екінші мәрте комиссия құрылды. Зерттеу жобасында ғылыми жетекші қызметін атқарған Мәмбет Қойгелдиев екі комиссиялық құрамда да жұмыс істегенін, сондықтан бұл процесің қандай жолдан өткені туралы сауалға ашық жауап бере алатынын атап өтті.

— Бірінші комиссияның жұмысы Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесі қабылдаған қаулымен аяқталды. Қаулы сол

лы мемлекеттік архивтерінен ХХ ғасырдағы саяси қуғын-сүргінге қатысты 688 мыңнан астам құжат қабылданды.

— Бүгінгі жиын — тәуелсіз мемлекеттіліктің көрінісі. Жинақтың алғашқы 6 томы Алашорда ісін қамтыды. Бұл томдар Алашорда үкіметі мүшелері мен кандидаттардың, үкіметті қолдаған тұлғалардың тергеу материалдарына арналды. Біз 12 томдық кітапта қоғамдағы тәуелсіздік, дербес мемлекеттілік үшін атсалысқан әлеуметтік топтың барлығын қамтуға тырыстық. Мәселен, көптомдықта алғаш рет оппозиция мәселесі көтерілді. Осы уақытқа дейін Қазақстан тарихында оппозиция болмағаны туралы және коммунистік партия сынды пікір басымдық алып келді. Бұл жалған пікір. Қазақстанда Советтік реформалар мен коммунистік партияның билігіне байланысты өте күшті оппозиция болды. Біз кітаптың 7-8 томында оппозициялық топтардың қызметін көрсеттік. Одан тыс әртүрлі саладағы әлеуметтік топтардың оппозициялық қызметіне жеке том арнадық, — деді М.Қойгелдиев.

Зерттеу жұмысының тағы бір басты ерекшелігі — көптомдық жинақта әскери адамдардың, соның ішінде казак офицерлерінің оппозициялық қызметі туралы құжаттар берілген. Мәселен, 11-томда ұлт тарихындағы ең ірі Адай, Қарақұм, Созақ көтерілісінің құжаттары көрсетілген. Онымен қоса, жинақта әулеттерді қудалау тақырыбына байланысты қоғам назарына толыққанды жетпеген фактілер қамтылған.

— Қазақ қоғамы үшін ең өзекті тақырып — жер мәселесі. Кезінде патша заманында да, Кеңестік кезеңде жер үшін талас жүрді. Біз жер үшін күрескен әлеуметтік топтардың қызметін осы томда біріктірдік. Жинақта Әлиасқар Әлібеков, Жағыпар Сұлтанбеков, Смағұл Сәдуақасов, Ыдырыс Мұстанбаев сынды тұлғалардың оппозициялық қызметі туралы құжаттар берілді. Одан басқа әскери адамдар да оппозициялық ұстаным көрсетті. Көптомдықта бірнеше казак офицерлерінің оппозициялық қызметі туралы айтылған. Осы уақытқа дейін тарихнамада әулеттерді қудалау тақырыбы толық қарастырылмаған. Мысалы, Кеңесары Қасымов, Абай Құнанбаев тұқымының қудалануына байланысты сюжеттер көптомдықта болды. Одан кейін репрессияға ұшыраған Алаш қайраткерлері отбасының қудалануы, әйелдердің АЛЖИР және тағы басқа лагерлерге жіберілуі еңбекте өз орнын тапты, — деді академик.

Бұл ретте Гүлшат Рамазанқызы көтеріліске қатысты құжаттарды жинау процесінің ғалымдар үшін оңайға соқпағанын атап өтті. Оның сөзінше, жинақтағы барлық құжаттың дені орыс тілінде берілгенімен,

оның ішінде төте жазумен жазылған казак тіліндегі материалдар бар. Құжаттағы жазбалар қазіргі кириллицаға аударылған.

— Мәселен, Адай көтерілісі тақырыбы турасында 45-50 томға дейін құжаттар жинадық. Осыншама құжаттың ішінен қажетті материалдарды іріктеп алу ғалымдар үшін оңай болмады. Бір қарағанда кейбірі құжаттар жинағын шығару — қағаздарды біріктіріп, арасынан маңыздысын іріктеп алу деп ойлауы мүмкін. Бірақ бұл өте күрделі процесс екенін айтқымыз келеді. Құжаттар жүз жылға жуық уақыт бойы жабық жатты. Қағаздардың сыртқы күйі де қолымызға нашар күйінде түсті. Бірақ осыған қарамастан максималды түрде құжаттарды қалпына келтіріп, шынайы мағлұмат беруге тырыстық, — деді Г.Рамазанқызы.

Осы тұста журналистер тарапынан «Зерттеу жұмысымен айналысып, жинақты жариялау барысында әлдекімдердің тарапынан кедергілер болған жоқ па?» деген сауал қойылды. Өзіне бағытталған сұраққа жауап берген Мәмбет Қойгелдиев процесс кезінде сырттан ешқандай кедергі болмағанын жеткізді.

— 12 томдық жинақ — Тәуелсіздіктің жемісі. Жұмыс барысында ешкімнің тарапынан қысым болған жоқ. Жинақ — Ресей депутаттарына берген жауабы. Егер олардың күші, ерік-жігері жетсе, 12 томмен танысыңыз. Осы кітаптың арқасында империяның казак халқына жасаған жақсылығы мен қиянатты айтылды деп ойлаймын. Бұл дәлел. Бүгінге дейін Алаш қозғалысына байланысты алып-қашпа әңгіме көп. Біз шындыққа жанаспайтын мұндай әңгімеге нақты фактілер мен құжаттар арқылы жауап бергіміз келді. Жинақ казак тарихын білгісі келетіндер үшін нағыз қажет боларлық еңбек деуге негіз бар. Тарихи-құжаттық жинақ ХХ ғасырдағы тарихымызды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда 2022-2023-жылдар аралығында саяси қуғын-сүргінге қатысты 688 мыңнан астам құжат қабылданғанын атап өттік. Дегенмен олардың арасында әлі күнге дейін жарыққа шығуын күткен материалдар бар. Осы тұста архивте жатқан құжаттардың ішінде әлі де айтылмаған, «айтуға болмайтын» құжаттар қалды ма деген сұрақ туындайды.

— «Айтуға болмайтын» тарихи шындық болмайды. Біздің архивімізде Қазақстан тарихына және оны тануға байланысты «жариялауға болмайтын» құжаттар жоқ. Бірақ шындықты тура түсінуге «көмектеспейтін» құжаттар кездеседі. Халықты адастыратын мұндай құжаттар архивте де бар. Мысалы, тергеу материалдарының біразы — тергеушілердің фантазиясы. Олардың арасында тергеуге түскен халыққа мәжбүрлі түрде қол қойдыру арқылы тарихи бұрмаланған құжаттар бар. Өкініштісі, осындай құжаттарды ресейлік құжаттық жинақтар жариялағанын байқаймын. Бұл шындыққа жасалған қиянат деп қабылдаймын, — деп сөзін түйіндеді тарих ғылымының докторы, академик М.Қойгелдиев.

Көптомдық жинақты жарыққа шығаруда ғалымдардың алға қойған басты мақсаты — Алаш қозғалысын ұлт-азаттық қозғалыс ретінде қарастыру. Жинақ аз уақыттың ішінде жарық көргенімен, бұл ондаған жылға созылатын еңбек екенін атап өткен жөн. Бұл туралы Гүлшат Рамазанқызы «Мақсатымызға жеттік деген ойдамыз. Әр томға бір-екі жыл қажет. Біз ынтымақпен бастамашылықтың арқасында жинақты бір жарым жылдың ішінде аяқтадық», — деді. Кездесу соңында 35 жыл бойы Алаш қозғалысы тақырыбын зерттеумен айналысып келе жатқан Мәмбет Қойгелдиев көптомдықты аз уақыт аралығында даярлау үшін қаржы қажет екенін, ал бұл мәселені шешуге Мемлекеттік кеңесші Ерлан Тынымбайұлы ықылас танытқанын айтып, алғысын білдірді.



докторы Г.Нұрымбетова және тағы басқа ғалымдар үлес қосты.

Бір топ журналистің басын қосқан кездесуде ҰҒА академигі Мәмбет Қойгелдиев пен ХХ ғасыр Саяси қуғын-сүргін материалдарын зерделеу орталығының басшысы Гүлшат Нұрымбетова көптомдық жинақты таныстырып, БАҚ өкілдерінің сауалдарына жауап берді.

Мәмбет Қойгелдиев «Алашорда ісі. 1920—1940 жж. Құжаттар мен материалдар» құпия қорларда сақталып келген материалдарды қамтитынын, бұл өткен тарихымыздың ақиқатын тануда маңызды орынға ие екенін жеткізді.

— Бүгінгі оқиғаның өзіндік тарихи маңызы бар. Өйткені 12 томнан тұратын жинақ — қоғамның бір ғасырға жуық уақыт бойы күткен тарихи шындығы. Әрбір шындық өз денгейінде, өз орнымен айтылуға тиіс. Сонда ғана ол нағыз шындық болады. Шын мәнінде, Алаш қозғалысы — ХХ ғасырдың басындағы казак ұлт-азаттық қозғалысы. Аталған қозғалысқа қатысушылар тек зиялылардан ғана тұрмайды, одан бөлек ұлттың барлық әлеуметтік тобы атсалысты. Олардың мақсаты біреу ғана. Бұл — мемлекеттік тәуелсіздігімізге қол жеткізу, атамекен жерімізді болашақ ұрпаққа сақтап қалу еді. Біз ұстанымды дәлелдеу үшін осы идеяны негізге алдық. 12 томдық кітаптың ішкі құрылымы дәл осы идеяға қызмет етеді, — деді ол.

Бүгінге дейін елімізде Алаш қозғалысы тақырыбы бірнеше рет қозғалды. Оның бірі, 1991 жылы қараша айында Қазақстан Жоғарғы Кеңесі комиссия құрып, Совет-

кездері «Егемен Қазақстан» және «Казправда» газеттерінде жарияланды. Ең маңыздысы, бұл құжат — тарихи шындыққа жетудегі ең алғашқы қадам болды. Ал екінші комиссия қорытындысы немен аяқталды деген сұраққа келер болсақ, қазір елімізде репрессия мәселесіне арналған 70 томнан астам құжаттық материалдар жарық көрді. Жанадан қолымызға тиіп отырған 12 томдық кітап — сол құжаттардың жалғасы әрі қорытындысы. Осы уақытқа дейін репрессия мәселесі өзге мемлекеттерде де қаралған. Мәселен, Германияда екі мәрте комиссия құрылды. Бірінші комиссияның нәтижесінде, 18 томнан тұратын қорытынды жасалынды, — деді ғалым.

Көптомдықтың алғашқы 11 томында саяси қуғын-сүргін процесі баяндалса, ең соңғы 12-томда қуғын-сүргін құрбандарының ақталуы мәселесі қамтылған. Дегенмен бұл зерттеу жұмысы толыққанды аяқталды деген сөз емес. Себебі қазіргі ғылыми айналымда құжаттардың саны өте көп. 2022-2023 жылдар аралығында Президент Архивіне Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінен, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінен, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының арнау-

ТАЛҚЫ

28 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

Кино – ұлттың дәстүрі мен болмысынан хабар беретін мәдени құбылыс. Бұл құбылыс елімізде жылдан-жылға қарқынды дамып келеді. Биыл шамамен 100-ге жуық отандық кино түсірілген. Бұл – Ұлттық киноны қолдау орталығы мен коммерциялық фильмдердің жалпы саны. Киноны өнер деп бағаласақ та, бұл өнер алаңында кәсіби білімі жоқ режиссерлердің туындылары жарыққа шығып жатыр. Алайда қаржы көздеген коммерциялық фильмдердің кассалық көрсеткіші мемлекет қаржысына түскен фильмдерден әлдеқайда озық шығуда. Ұлттық киноны қолдау орталығы түсірген киноның басым бөлігі көрерменге жетпей, тек шетелдік фестивальдерге қатысып, жүлделерге ие болып жатыр. Бұған не себеп? Отандық киноға қатысты мәселелер туралы киносыншылар дөңгелек үстел барысында талқылап, ойталқы жүргізді.

ТІЛШІ: – Жыл сайын Ұлттық киноны қолдау орталығынан бөлінетін мемлекеттік тапсырыстың қаржысына 20 шақты, коммерциялық киноны қосқанда жалпысы 70-80 фильм түсіріледі екен. Бірақ көпшілік сол түсірілген кинодан бейхабар және тек шетелдік фестивальдерге қатысады. Коммерциялық фильм ғана көрерменге ұсынылатын сияқты. Мұны қалай түсіндіруге болады?

Дана ӘМІРБЕКОВА: – Жарнама – үлкен қару. Фильмнің көрерменге жетуіне мүмкіндік беретін әдіс-тәсілдің бірі. Көп жағдайда фильмнің танымал болуы сапасына емес, жарнамасының жақсы болуына байланысты болып тұр. Ұлттық киноны қолдау орталығынан сценарийінен бастап көркемдік тәсілдеріне дейін сапалы, техникалық жағынан да озық шыққан фильмдер көрерменге жетпей отыр. Өйткені прокат мәселесі дұрыс жолға қойылмаған. Дистрибуциямен ешкім айналыспайды. Прокатқа мемлекет тарапынан қаражат та бөлінбейді. Министрлік осыны қолына алған кезде қазақ киносы да түзеледі деп есептеймін. Бірінші мемлекет тарапынан түсірілген фильмдерге қаржы бөлінсе, екінші шетелдік А класты фестивальдерде жүлдегер атанған фильмдердің жарнамасы жақсы болғанда сапалы фильмдер көрерменге жететін болады.

Баубек НӨГЕРБЕК: – Иә, келісемін. Ұлттық киноны қолдау орталығы түсірген жобаларда бюджет тек өндіріске бөлінеді, оны прокатқа ұсыну мен жарнамалауға бөлек қомақты қаражат қажет. Мәселен, кейбір шетелдік фильмдердің жарнамалық бюджеті сол фильмді түсіруге кеткен қаражатпен тең болады. Жарнама аздығынан біздің фильмдердің танымалдылығы төмендей түседі. Екінші мәселе – кинотеатрлардың басым бөлігі жекеменшік компаниялардың қолында, яғни олар үшін бұл бизнес көзі. Ал қазақ фильмдерінің ішінде ұлттық кино санатына кіретін туындыларды

АНШЛАГ – КИНО КӨРСЕТКІШІ



қалай қолдай аламыз? Бізде ұлттық тарихпен мәдениетке байланысты түсірілген фильмдерді көрерменге жеткізудің тиімді механизмі жоқ. Бұл көбіне кинотеатрларда фильмдерді көрсетуде уақыттың дұрыс таңдалмауынан туындайды. Түске дейін 11:00 не болмаса түстен кейін 15:00. Кинотеатрлар жеке меншік мекеме болғандықтан, фильм көрсету уақытын өздері анықтайды, прайм-таймды бөлмейді. Осыған байланысты, кино туралы заңға отандық фильмдерді прайм-тайм уақытында міндетті түрде көрсетуге тиіс деген өзгерістер енгізілсе, ұлттық фильмдерді қолдауға оң ықпал етеді. Ұлттық киноны қолдау орталығы түсірген фильмдердің танымалдығын арттыру үшін бюджет бөлген кезде оның жарнамасына, кейінгі дистрибуциясына, кинотеатрлармен келісімдер жасауға да қаражат қарастыру қажет деп санаймын.

көрерменге және фестивальдерге ұсынылуы, прокат мәселесі қамтылмай отыр. Ұлттық киноны қолдау орталығы бұл мәселені фильмнің авторына, продюсеріне міндеттейді. Дегенмен бұл бөлімге арнайы жүйе, бөлінетін қаржы қарастырылмаған. Сондықтан бұл фильмдердің көбі көрерменге жетпейді. Аталған орталық түсірген



Мәселен, комедия ғана емес, бұрын-соңды түсіріле бермейтін триллер, экшн, драма жанрлары шығып жатыр. Жыл басында Диас Бертістің «Үкім» фильмі, Ерасыл Байболовтың «Біздің жігіттер. Афган» киносы, Рашид Сүлейменовтің «Операция Набаты» жанрлық тұрғысынан жаңа бастама көрсеткен кино секілді.



Ержан ЖҰМАБЕК: – Биыл түсірілген отандық 100-ден аса фильмнің жартысынан көбі жеке студиялардың өз қаржысына түсірілген. Ұлттық киноны қолдау орталығының бұл тізімдегі көрсеткіші өте аз. Бұл мәселе көптен бері қозғалып келе жатыр. Өкінішке қарай, Ұлттық киноны қолдау орталығы мемлекет тарапынан түскен фильмдерді тек питчинг арқылы жеке студияларға бөліп беріп, оператор функциясын ғана атқарып отыр. Дайын фильмдерді одан кейін қабылдайды. Алайда фильмнің ары қарай насихатталуы,

фильмдердің тақырыптық және көркемдік деңгейі де өзекті мәселе. Фильмнің тақырыптары мен бағыттары орталықтың, көрерменнің тың сұранысына сай келуі керек. Егер көрермен қызықпайтын тақырып аясында түсірілсе, оған сұраныстың төмен болары анық. Фильм бағыты туралы Ұлттық киноны қолдау орталығының позициясы айқын емес. Яғни, қанша пайызы авторлық, фестивальдік фильмдер, қанша пайызы халықтық, көрермендік, коммерциялық бағыттағы фильмдер екендігінде анықтама жасал-

майды. Бұл тұрғыда сәл түсінбеушіліктер бар секілді. Бірақ жыл сайын шығып жатқан фильмдер тақырыптық, жанрлық, әралуандығы жағынан ерекшеленуде, көркемдік сапасы да артып келеді. Мәселен, комедия ғана емес, бұрын-соңды түсіріле бермейтін триллер, экшн, драма жанрлары шығып жатыр. Жыл басында Диас Бертістің «Үкім» фильмі, Ерасыл Байболовтың «Біздің жігіттер. Афган» киносы, Рашид Сүлейменовтің «Операция Набаты» жанрлық тұрғысынан жаңа бастама көрсеткен кино секілді.

Баубек НӨГЕРБЕК: – Негізі, питчинг жеңімпаздарының саны 15-17-ге дейін жетуі мүмкін. Кей фильмдер өндіріске сол жылы жіберілсе, кейбірі келесі жылға қалады. Соның нәтижесінде, Ұлттық киноны қолдау орталығы жылына шамамен 10-12 көркемсуретті фильм шығарады. Ал коммерциялық жобалар, әсіресе биыл өте көп болды. Қазақстан киносыншылар қауымдастығының мүшесі ретінде жүргізген есебіміз бойынша, биыл түсірілген отандық фильмдердің саны 90-нан асты. Жалпы, коммерциялық фильмдерді авторлық фильмдермен салыстыруға келмейді. Себебі қалың көрермен терең мағыналы фильмдерді көруге аса қызығушылық танытпайды, әдетіне айналмаған, яғни

бізде әлі ондай мәдениет қалыптаспады деп айтуға болады. Коммерциялық фильмдер көбіне ойын-сауық санатына жатады, ал киноны өнер ретінде бағалайтын көрермен қатары аз.

ТІЛШІ: – Қазір киноны режиссерлер ғана түсіріп жатқан жоқ. Түсіретіндер көп. Арасында касса жинап, «миллиард» атанғандары да бар. Бұлай озық шығуы киноның жанрына не тақырыптың өзекті болуына байланысты ма немесе көрермен талғамына ма? Киносыншы ретінде мынаны айтыңызшы, биыл касса жинаған киноның мәнінде сол «миллиардтарға» лайық па? Және бүгінде жеке қолтаңбасы қалыптасқан режиссерлер бар ма?

Дана ӘМІРБЕКОВА: – Бүгінде Дариға Бадьқова, Баян Алағөзова, Нұрлан Қоянбаев түсірген фильмдер неге соншалықты миллиардтар жинап жатыр дейсіз? Ол көркемдік ерекшелігіне, жоғары сапасына байланысты емес. Керісінше, өте төмен деңгейлі, халықтың талғамын түсіретін фильмдер. Не себепті сонша қаржы жинайды десеніз, жарнамасы керемет жасалған. Ол фильмді түсіріп жатқан кинogerлер емес, шоу-бизнес өкілдері. Және олардың о бастан миллиондаған аудиториялары бар. Оларға жарнама жасау қиын емес. Олардың жанкүйерлері

ТАЛҚЫ

28 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

САПАСЫНЫҢ
ЕМЕС

фильмді тақырыбына, мазмұнына қызығып көрмеуі де мүмкін. Бірақ авторын жақсы көргендіктен қолдайды. Кассаны жақсы жинайтыны рас, бірақ оны екінші рет қайталап көруге бармайсыз.

Баубек НӨГЕРБЕК: — Шынында, қазір кино түсіру қолжетімді болып қалды ғой. Кейбір фильмдер коммерциялық жағынан сәтті шығып жатыр. Бұлай болуына авторлардың танымалдығы әсер етеді. Нұртас Адамбайдың, Нұрлан Қоянбаевтың фильмдері кең танымалдыққа ие болды. Өйткені бұл уақытта көрерменге комедия керек болған шығар. 90-жылдары комедия бағытындағы фильмдер өте аз болды. Киноны қоғамның айнасы деп қарасақ, қазір келін, отбасы мәселелерін кино тақырыбы етіп алып жатыр. Мұны елімізде отбасы құндылықтары бірінші орында тұратынымен байланысты деп ойлаймын. Бірақ комедия қиын жанр екенін ұмытпау керек. Көрерменді күлдіру жылтудан қиын. Кезінде Шәкен Айманов түсірген комедиялар әлі күнге дейін ұмытылмады, ал бүгін түсіріліп жатқан комедиялар бір сәтте жылт еткен жұлдыздай ғана. Өзіме ұнайтын кино деп нақты атай алмаймын. Комедияның да, триллердің де, драманың да мазмұны мен формасы сай жасалса, бұл — шеберліктің шыңы. Осындай сипатқа ие фильмдер ғана көңілден шығады.

Ержан ЖҰМАБЕК: — Мен фильмнің бірден кең аудиторияға ие болып, касса жинауын тақырыптың өзектілігіне байланысты деп айтар едім. Алайда продюсерлік жұмыстың маңыздылығы бірінші кезекте тұрады. Өкінішке қарай, фильмнің жарнамасы, маркетингі, насихатталуы жүйелі түрде ұтымды тұстарымен шығатын болса, әрине көптің қызығушылығын тудырады да, кассаның жана көрсеткішке жетуіне ықпал етеді. Айтайын дегенім, мұндай тәжірибелер бізге енді ғана келіп жатыр.



Көркемдік деңгейі ерекше жұмыстар продюсерлік жұмыстың әлсіздігінен көрерменге жету жолын таппай жатады. Қалай десек те, кассалық фильмнің барлығын өнер фильмі деп айтуға болмайды. Фильм түсіріп жүргеннің барлығы кәсіби

режиссер емес екенін мойындау керек. Арасында басқа саладан келген өнер мамандары да бар. Бірақ қазіргі жас режиссерлер кино өнерінде өзінің қолтаңбасын қалыптастырып келе жатыр. Олардың қатарында шетелде оқып келген Диас Бергіс, Дархан Төлегенов сынды жас режиссерлердің есімі айтылады.

Дана Әмірбекова: — Киноның екі бағыты бар: ойын-сауық және өнер. Бүгінгі ұсынылып жатқан шоу-бизнес өкілдерінің фильмдері әлеуметтік желілердегі блогерлердің жазбаларымен тең. Кино мен әлеу-



меттік жазбаның деңгейі екі түрлі. Киноның өтімді болуы көп жағдайда көрерменнің талғамына да байланысты емес. Талғам келе-келе қалыптасады. Сондықтан біз бүгінгі көрерменге ренжи алмаймыз. Өйткені нағыз өнер кім көрінгенге түсінікті бола бермейді, кез келген көрермен интеллектуалды тұрғыда оңай қабылдай бермейді. Сондықтан нағыз өнердің аудиториясы әрқашан аз болады. Шынайы туынды болса, көркемдік деңгейі өте сапалы болса, ондай фильмге көрермен аз барады.

Қолтаңбасы қалыптасқан режиссерлер, әрине бар. Олар әлемді мойындатқан. Атап айтқанда, Дәрежан Өмірбаев, Әділхан Ержанов, Серік Апрымов. Олар кино-

мен интеллектуалды тұрғыда қабылдауға дайын емес. Дәрежан Өмірбаев пен Серік Апрымовтың аудиториясының бір қызығы, олар түсірген киноны Еуропа елдері сүйіп көреді. Парижде соңғы үш жылдың ішінде Дәрежан Өмірбаевтің екі ретро-спективасы өтті. Ол туралы кітап жарияланды, фильмдері әрқашан прокатқа шығады. Тіпті осыдан екі жыл бұрын Парижде шығатын Le Monde журналында «Аватар» мен Дәрежан Өмірбаевтің «Ақын» фильмі салыстырып жазылған мақала жарияланған. Сол кезде еуропалық көрермен «Аватарға» бармай, «Ақын» фильміне көбірек билет алған екен. Осындай қолтаңбасы қалыптасқан режиссерлер біздің көрерменге қызық болмай тұр.

ТІЛШІ: — Аншлагпен өтетін фильмнің барлығын сәтті, сапалы шыққан деп тұжырымдай беруімізге бола ма? Бірақ кейде прокатқа шыққан киноның сеанстары көрермен сұранысына қарай ұзартылып не қысқартылып жатады. Мәселен, «Міржақып. Оян қазақ!» сұраныстың көптігінен ұзартылса, «Соңғы үкім» сеанстары бірқатар



мен интеллектуалды тұрғыда қабылдауға дайын емес. Дәрежан Өмірбаев пен Серік Апрымовтың аудиториясының бір қызығы, олар түсірген киноны Еуропа елдері сүйіп көреді. Парижде соңғы үш жылдың ішінде Дәрежан Өмірбаевтің екі ретро-спективасы өтті. Ол туралы кітап жарияланды, фильмдері әрқашан прокатқа шығады. Тіпті осыдан екі жыл бұрын Парижде шығатын Le Monde журналында «Аватар» мен Дәрежан Өмірбаевтің «Ақын» фильмі салыстырып жазылған мақала жарияланған. Сол кезде еуропалық көрермен «Аватарға» бармай, «Ақын» фильміне көбірек билет алған екен. Осындай қолтаңбасы қалыптасқан режиссерлер біздің көрерменге қызық болмай тұр.

ТІЛШІ: — Аншлагпен өтетін фильмнің барлығын сәтті, сапалы шыққан деп тұжырымдай беруімізге бола ма? Бірақ кейде прокатқа шыққан киноның сеанстары көрермен сұранысына қарай ұзартылып не қысқартылып жатады. Мәселен, «Міржақып. Оян қазақ!» сұраныстың көптігінен ұзартылса, «Соңғы үкім» сеанстары бірқатар

мүмкін. Қараша айында экранға шыққан «Нурикамал» көптің талқысына түсті. Бұл фильм коммерциялық тұрғыда да режиссер Ернат Байұзақтың жасаған сәтті қадамы болды. «Міржақып. Оян қазақ!» алдымен сериал болып түсірілген, «Шекер» де веб-сериал форматында жарық көрген. Сериалдар қызығушылықты тудырғанның арқасында жеке фильм болып экранға шықты. Дегенмен «Шекердің» табысы аса жоғары болмады. Биылғы жылдың қорытындысында, отандық фильм өте көп түсірілді. Оның басым көпшілігі — комедия. Бұған дейін қазақ киносының мазмұны тек тарихи киномен ғана шектеледі деген көзқарас қалыптасқан болса, ал қазір комедияның шеңберінен шыға алмай қалды деген түсінік бар. Десек те, қазір комедияға фэнтэзи элементтері ақырындап қосылып жатыр, «ЗаманBack» пен «Асыққан сағат» соның дәлелі.

Дана ӘМІРБЕКОВА: — Аншлаг — кино сапасының көрсеткіші емес. Ол да жарнамаға тікелей байланысты. Екіншіден, тақырыпқа байланысты. Егер тақырып өзекті болса, егер дәл бүгінгі күні көрерменді қызықтыратын, оны ойландыратын болса, көрермен соған әуес. Соңғы кезде ерекше касса жинаған фильмдердің ішінде ол әйел тақырыбы немесе зорлық-зомбылық тақырыбы. «Нурикамалға» келсек өте көп пікірталас тудырған фильм. Бір жағынан феминистер өте қарсылық танытты. Осындай өзекті тақырыптар көрерменге қызық. Бірінші адам көреді, екінші адам ол туралы мақтаса, енді бірі кемшін тұсын жазады. Келесі көрермен өз көзімен көруге барады. Соңғы шыққан фильмдерде касса жинағандардың бірде-бірі өнер туындысы емес, бірде-бірі көркемдік тәсілі тұрғыдан сапалы емес, деңгейі орташа туындылар. Ол жерден режиссураны да байқамадым, актерлік ойын да әлсіз, техникалық тұрғыдан да ортан-

Қолтаңбасы қалыптасқан режиссерлер, әрине бар. Олар әлемді мойындатқан. Атап айтқанда, Дәрежан Өмірбаев, Әділхан Ержанов, Серік Апрымов. Олар киноға өнер ретінде қарайды, олардың қолтаңбасы, өзіндік стилі мен түсіру мәнері қалыптасқан.

кинотеатрдан алынып тасталды. Киносыншылар бұларды қалай бағалайды?

Баубек НӨГЕРБЕК: — Аншлагпен көрсетілген барлық фильм табысты деуге болмайды, бір-екі аншлагпен өткен сеанстан кейін қызығушылық тоқтап қалуы да

қол денгейінде орындалған. Тек өзекті, даулы тақырып болғандықтан көрермен қызығушылығын оятып отыр.

Дайындаған
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

ЭКОСАНА

28 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

Ақмола облысының экологиялық ахуалы соңғы жылдары көпшілікті алаңдатып тұр. Әсіресе, өңірдегі қоқыс полигондарының жағдайы Мемлекет басшысының да талай мәрте сын садағына ілінген еді. Қоршаған ортаға шығарылатын қалдықтар мен иесіз қоқыс үйінділерінің шамадан тыс көптігі әрі оны кәдеге жаратудың мүлде қолға алынбағаны да жоғары мінбелерде жиі көтеріледі. Заңсыз әрі иесіз қоқыс полигондары жергілікті әкімдіктермен жойылып жатқанымен түйінді мәселелер әлі де болса жетерлік.

А Абзал
АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Қоқыс үйінділерінің көптігімен қоса, ірі өнеркәсіп орындарынан қоршаған ортаға және ауаға шығарылатын зиянды қалдықтардың көлемі де аса орасан. Дегенмен облыстық Экология департаментінің мәліметінше, былтырмен салыстырғанда қоршаған ортаға эмиссия көлемі біршама төмендеген. Атап айтқанда, атмосфераны ластайтын заттар көлемі 222 тоннаға төмендесе, қоқыс үйінділерінің көлемі 2,4 миллион тоннаға азайған. Ақмола облыстық экология департаментінің басшысы Мағзұм Кукумбаевтың айтуынша, өңірдің мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімімен жүргізілген тексерістердің нәтижесінде жалпы сомасы 65 миллион теңгеден астам 113 әкімшілік құқықбұзушылық хаттамалары толтырылып, оның 62,4 миллион теңгесі, яғни 95 пайызы өндіріліп алынған.

Жеке тұлғалардың өтініштері баиланысты елорданың тап іргесіндегі Қосшы қаласындағы «Қосшы Су» коммуналдық шаруашылығына жоспардан тыс жүргізілген тексеріс лас судың үнемі жерге төгіліп жататынын анықтаған. Шағымдар негізінде арнайы барып тексеріс жүргізген экологтар сорғыны істен шығуына байланысты лас шайынды судың төгіліп жайылып кеткен шайынды судың сол жердің рельефінің экологиялық жағдайына аса зор кері ықпалын тигізіп жатқанын анықтады. Тексеріс қорытындысы бойынша, «Қосшы Су» коммуналдық шаруашылығы әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің 324-бабының 1-тармағы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылып, сонымен қатар ремедиация бағдарламасын жасау бойынша нұсқау берілді.

— Қазіргі уақытта тексерістің нәтижелері бойынша аталған кәсіпорын лас судың жоюға бағытталған бес шараны қосатын ремедиация бойынша жұмыстарды жүргізу кестесін жасады. Яғни, бүлінген топырақтың өсімдік өсетін қабатын алу, ласланған топырақты жою, топыраққа химиялық талдау өткізу сонымен қатар тиісті түрде төсеу жолымен ортақ ландшафт желісін қалыптастыру жұмыстарын жүргізу болып отыр. Аталған бағдарлама бойынша қазір ремедиация жұмыстары жүргізіліп жатыр, — дейді Ақмола облысы Экология департаментінің басшысы Мағзұм Кукумбаев.

Өңірде кен өндіретін кәсіпорындарда да экологиялық жағдайға нұқсан келтіріп, қоршаған ортаны ластап жатқан жайлар біршама жоғары болып шықты. Мәселен, «Қазақалтын Тechnology» ЖШС-ға жүргізілген

ҚОҚЫС МӘСЕЛЕСІ

ҚОРДАЛАНЫП



жоспардан тыс тексеріс барысында кәсіпорын мүлде экологиялық рұқсатнамасыз қызметін жүзеге асырып жатқаны анықталды. Тексеріс нәтижесінде кәсіпорын әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің 328-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 44 миллион теңгеден астам айыппұл салынған.

Экологтар өңірдегі қоршаған орта нысандарына жүргізілген тұрақты түрде жүргізілген мониторинг барысында елді мекендердегі ауаның, кәсіпорындардағы санитарлық-қорғаныс шекаралары, автокөліктер мен су жағалауындағы нысандарда да экологияның нашарлауына ықпал еткенін растады.

Жыл басынан бері департаменттің зертханалық-талдау бөлімі 155 мәрте сынама алған. Атап айтқанда, ауадан — 121, судан — 26, топырақтан — 2 және радиация бойынша 6 мәрте сынақ жүргізілді. Тексеріс нәтижесінде қоршаған ортаға бекітілген эмиссия нормативтерінің артқаны үшін заң бұзғандар тиісті түрде жауапкершілікке тартылды, — дейді облыстың бас экологы.

Экологтар өңірде көптеген қордаланған экологиялық мәселенің негізінен арнайы бекітілген Жол картасына сәйкес шешімін тауып жатқанын алға тартады. Қазіргі уақытқа дейін аталған Жол картасымен олардың тоғызы орындалған.

— Жылдар бойы шешімін таппай қордаланған мәселелердің бірі Степногор қаласының іргесіндегі «Қазақалтын» ЖШС-ның өндіріс нысандарының таяу орналасып, көк түтін мен шаңға

тұншыққан Ақсу кентіндегі тұрғындардың ауыр жағдайы еді. Қазіргі уақытта ауылдың 114 үйінің тұрғындары көшірілді. Краснояр селосында жалпы қуаты 534 мВт жетті, Ерейментау ауданында екі және Аршалы ауданында екі жел электр стансасы кешендері салынды. Бестөбе кентінде ауаның ластануына байланысты бақылау бекеті орнатылды, — деп толықтырды Мағзұм Кукумбаев.

Дегенмен аймақта экологиялық жағдай мен қоршаған ортаға кері әсері төмен жобалар да кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Атап айтқанда, Аршалы, Целиноград аудандары мен Көкшетау қаласында газдандыру жобалары жүзеге асырылуда. 2020 жылдан бастап 2022 жылға дейін елді мекендерді газдандыру бойынша 13 жоба аяқталып, жалпы сомасы 10,3 миллиард теңгеге 647 шақырым газ құбыры желілері орнатылған. Нәтижесінде, Аршалы ауданындағы 17 мыңнан астам тұрғыны бар 16 елді мекен табиғи газбен қамтамасыз етілген. Ал былтыр алты елді мекенді газдандыру жобасын жүзеге асыруға 7,3 миллиард теңге бөлініп, Целиноград ауданындағы жалпы саны 23 мыңнан астам халқы бар үш елді мекенде газ тарату желілерін аяқтау жоспарланған еді. «Qazaq Gaz» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының есебінен биыл Целиноград ауданындағы «Нұрлы» газдандыру инвестициялау бағдарламасы жүзеге асып келеді. Оған сәйкес елордаға таяқтастам ғана қашықта орналасқан 80 мыңнан астам халқы бар Қосшы,



ТҰРА



Жылдар бойы шешімін таппай қордаланған мәселелердің бірі Степногор қаласының іргесіндегі «Қазақалтын» ЖШС-ның өндіріс нысандарының таяу орналасып, көк түтін мен шаңға тұншыққан Ақсу кентіндегі тұрғындардың ауыр жағдайы еді. Қазіргі уақытта ауылдың 114 үйінің тұрғындары көшірілді.

Тайтөбе, Каражар, Қараөткел, Қызылсуат ауылдарын газдандыру бойынша жалпы құны 20,7 миллиард теңгеден астам газдандыру жобасының жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп қойылыпты. Аталған жобалар бойынша аймақтан биылғы жылдың республикалық бюджетін нақтылауға экология министрлігіне бюджеттік өтінім беріліп, оның төртеуі мақұлданған. Сөйтіп, жоғарыдағы елді мекендерден Тайтөбеден басқа елді мекендер, сондай-ақ Аршалы кенті, Алтынсарин ауылында жалпы сома-

P.S.

Қалай дегенмен де, қоршаған ортаның қоқыс пен зиянды заттардан арылмауы әлі де болса құзырлы органдардан дереу шешімдер қабылдау қажеттігін көрсетеді. Бұл орайда күрмеуі қиын мәселелерде экологияға орасан зиянын тигізіп отырған өндірістік нысандар тек айыппұл төлеп құтылып жатқаны алаңдатады. Мемлекет қазынасына қомақты қаражат болғанымен одан аймақтың онсыз да күрделі экологиясы жақсармайтыны сөзсіз. Сондықтан заң аясында жауапкершілікті қатаңдататын шаралар қабылдау қажет сияқты.

сы 7 миллиард 139 миллион теңгеден астам бюджеттік өтінім мақұлданған.

Аймақтағы аса күрделі әрі экологиялық кері ықпалын тигізіп отырған жағдай қоқыстың полигондарының заңсыздығы мен көптігі екенін жазғанбыз. Жақында экологиялық кодекстің талаптарына сәйкес бірнеше аудан әкімдіктері стихиялық қоқыс үйінділерін жою шараларына қызу кіріскен. «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының ұсынған мәліметтеріне сенсек, аймақта күні бүгінге дейін 191 рұқсат етілмеген қоқыс орындары анықталған. Оның ішінде 24-і, яғни тек 12 пайызы ғана жойылған.

Облыс орталығы Көкшетау қаласында да қоқыс мәселесі көптен бері қордаланып тұр. Өңірде қоқысты қайта өңдеу қажеттігін Президенттен бастап құзырлы министрліктер бірнеше мәрте көтергенімен, күні бүгінге дейін шыбық басы сынбаған. Экология департаментінің мәліметінше, қала жанынан қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны құрылысын салу жобасы қолға алына бастаған. Аталған жоба бойынша қоқысты қайта өңдеу жұмыстары да жүзеге асырылмақ.

— Қазіргі уақытта Көкшетау қаласы мен Зеренді және Бурабай аудандарында қоқыс сұрыптайтын және қайта өңдейтін кешендердің құрылысы жобасын жүзеге асыру жобалары басталды. Құрылыс жұмыстары келер жылдың алғашқы тоқсанынан бастап жыл соңына дейін аяқтау жоспарланған. Жоба жүзеге асырылса қатты тұрмыстық қуаты 150 мың тонна қалдықтар мен 50 мың тонна органикалық қоқыстар 100 пайыз қайта өңдеуден өткізілмек. Алдын ала 7,2 миллиард теңге қарастырылмақ, — дейді облыстық Экология департаментінің басшысы Мағзұм Кукумбаев.

ТҮЙТКІЛ




28 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

ҚАРАУСЫЗ ҚАЛҒАН ҚАРАҚҰМ

Сыр бойының солтүстік ауданы саналатын Арал өңірінде «Қарақұм» деп аталатын елді мекен бар. Тарихтың қатпарлы құпиясын қойнауына бүккен киелі мекенде жаугершілік заманда ел ертеңін еселеген «Қарақұм құрылтайының» ізі жатыр.

А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы



Ел аузында «Қарақұм дегенше, қарағым десейші» деген сөз тіркесі осы киелі мекенге қарата айтылуы бекер болмаса керек. Өйткені қыс қыстау, жаз жайлауын жағалаған ауыл халқының ризық-несібесі әсте бір кеміген емес. Бағзыдан мал жайын білетін ағайын әлі күнге дейін атакәсібінен қол үзбеген. Дастарқанынан құрт-ірімшігі, айран-шұбаты үзілмейді. Жерінің құнарлығы малшы қауымына бақ болып тұр.

Дейтұрғанмен, соңғы жылдары берекелі мекеннің күйі қашып тұрғанға ұқсайды. Тұрғылықты халқы ауылдың тіршілігі тұралап, ажары қаша бастағанына ашынып жүр. Соның

ішінде өркениет көшінен кеш қалып, әлі де көмір жағу тауқыметінен арыла алмай отырғандарына наразы.

Көгілдір отынды күтумен күндерін өткізіп жүрген дүйім жұртың көксемі бүгін-ертең орындалатын түрі жоқ. Талай мәрте құзырлы орындарға қолқа салғанымен нәтижесі болар емес. Елді мекен халқы бізге осылай деп мұнын шақты.

Негізінен, бүгінде Қарақұм ауылдық округінің орталығы саналатын Абай ауылында 3 мыңға жуық жан тұрмыс кешіп жатыр. Бұрынғы Қарақұм қой совхозының орталығы болған бұл елді мекеннің байырғы атакәсібі мал шаруашылығымен

тығыз байланысты. Аталмыш ауыл Арал қаласынан 100 шақырым, ал облыс орталығынан 500 шақырым қашықтықта қоныстанған.

«Төрт түлігін түлетіп отырған тұрғылықты халық ел қатарлы күн кешіп жатыр. Материалдық жағдайымыз жақсы, оған шүкіршілік етеміз. Тек жергілікті жұртшылықты алқымнан алып тұрған негізгі мәселе көгілдір отынға қатысты болып тұр. Ілгеріде тұрғылықты халық ауыл шетіндегі сексеуілді шауып, жан бағушы еді. Қазір оны да кесуге заңмен шектеу қойылды. Ал көмірдің бағасы күн санап қымбаттап барады. Жергілікті жеткізуші, тасымалдаушылардың

ақысы аспандап кетті. Соның салдарынан бүгінде ауылымызда 1 тонна көмірдің бағасы 35-37 мың аралығында бағаланып тұр. Мәселен, бір үй ең кемі 5 тонна көмір жақты делік, сонда бергісі 175 мың, арғысы 300 мыңға дейін ақша жұмсайды. Оған тамызық отынды қосыңыз. Сонымен қатар қымбатшылық қыспағы халықтың аудан орталығына үдере көшуіне де әкеп соқтырып жатыр. Ауылымыздың іргесі сөгіліп барады. Сондықтан да құзырлы орындар тарапынан ауылымызды газдандыру мәселесін бір сәтке қаперге алса дейміз. Ел қатарлы біздің елді мекен де көгілдір отынға қосылса деген тілегіміз бар», — дейді ауыл тұрғыны Абай Әбішев.

Халықтың пікіріне сәйкес, негізінен Арал ауданында 20-ның үстінде ауылдық округ бар екен. Ал осы елді мекендердің газға қосылғаны сау-сақпен санарлық. Соның салдарынан, аталмыш ауылдардың басым көпшілігі көгілдір отынның игілігін көре алмай жүр.

Сонымен қатар 2013 жылы «Жезқазған – Бейнеу» теміржол желілері негізінде аталмыш ауылға теміржол қатынасы жолға қойылды. Бұған дейін өзге аймақтармен жол қатынасы қиындық туғызып келген елді мекен халқы үшін бұл күтпеген тосынсыз болды. Нәтижесінде, қосымша жұмыс көздері ашылып, 50-60 адам нәпақасын тауып келеді. Алайда ауыл халқының «әттеген-ай» дейтін тұстары әлі де жетерлік.

«Ауылымыздан өзге өңірлерге еш қиындықсыз қатынауға мүмкіндік жасалғанына қуаныштымыз. Құнара ауыл үстінен «Қызылорда – Павлодар» бағытында пойыз қатынап тұр. Осы орайда айта кеткен абзал, халықтың пойызға мініп-түсуі

үлкен қиындық туғызып келеді. Себебі станса алдына перрон салынбаған, не болмаса қыршық тас төселмеген. Әсіресе, бұл түн мезгілінде, қысқы тайғақ кездерде адам өміріне үлкен қауіп туғызуда. Сонымен қатар ауылдан 1 шақырым жерде теміржол өткелі бар. Бұрын сол өткелде 4-5 адам кезекшілікте тұратын. Ең бастысы теміржол өткелінен өтетін көліктер мен өрістен қайтатын малдардың қауіпсіздігіне алаңдамайтын едік. Кімнің нұсқауы екенін қайдам, бертін кезекшілікті қысқартып тастады. Қазір жұмыссыздық есебінен бірнеше адам өткелге кезекшілікке қойылады. Оның өзі қауіпсіздікті қамтамасыз етіп тұр деп айта алмаймыз. Соның салдарынан, ауыл малдарын пойыз басу фактілері жиілеп кетті. Тіпті, малды бақылаусыз жіберуге қорқып отырмыз. Құзырлы орындарға бұл жайында сан мәрте айтқанымызбен, бізді қырық сылтаумен шығарып салады. Соған орай аталмыш оқшылықты қалыпқа келтіруді сұраймыз», — деп ойын толықтырды ауыл тұрғыны.

Тұрғылықты халықтың тағы бір базынасы — мәдениет саласына қатысты өрбіді. Көпшілікті ауылдық клубтың келешегі ойлантанды. Халықтың пікіріне сүйенсек, ауыл бір клубқа мұқтаж. Іргесі 1985-жылдары қаланған бұрынғы ауылдық клуб ғимараты бүгінде құлау қаупінде тұр. Ол жерде мерекелік, мәдени-көпшілік іс-шараларды өткізу адам өміріне қауіпті. Сәт сайын жамап-жасқап, бағана-лармен тіреп, өлместің күйін кешіп келеді екен. Осы жайында тиісті орындарға қаншама рет айтқанымен, әзірге жаңа ғимарат салуға асықпай отырғанын айтып, ашынады.

Бір сөзбен айтқанда, құм қойнауында төрт түлігін түлетіп, мамыражай тұрмыс кешіп жатқан ауылдағы ағайынның бүгінгі жағдайы мәз емес. Әйтеуір жоқтан бар жасап, әуірімдеп күн кешіп келеді. Ауыл тұрмысын ой таразысына сала отырып, осыны аңғардық.

Ауыл халқы аудан әкімі ауылымызға арнайы келіп, тыныс-тіршілігін көзбен көріп, кемшіліктерді жоюға күш салса деген талабын қойып отыр. Өз кезегінде жергілікті әкімдік жазылған жайға орай үн қосар деген үміт басым.

SUPERPAVE: ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫНДАҒЫ СЕРПІЛІС

Еліміз Superpave (Superior Performing Asphalt Pavements) инновациялық технологиясын енгізу арқылы болашаққа сенімді кадам жасауда.

Асфальтбетон жабындарын жобалаудың бұл заманауи тәсілі жолдардың беріктігі мен сенімділігін қамтамасыз ете отырып, елдің климаттық жағдайларын және көлік жүктемелерінің қар-

қындылығын ескеруге мүмкіндік береді. Superpave қатты ыстықтан қатты аязға дейін экстремал температураға төтеп бере алатын жабындарды жасауға арналған. Әдістеме аймақтың климаттық ерекшеліктеріне негізделген асфальтбетон қоспасының компоненттерін мұқият таңдауды және тозуға төзімділікті бағалау үшін заманауи модельдеу технологияларын қолдануды қамтиды. PG (Performance Grade) — Қазақстан

үшін битум модификациясының фокусы бар Superpave технологиясында қолданылатын асфальтбетонды тұтқыр заттарды жіктеу жүйесі PG-Grade битум құрамын жазғы даланың аптап ыстығынан қыстың қатты аязына дейінгі температураның шектен тыс өзгеруіне бейімдеуге мүмкіндік береді.

Былыттан бастап Л.Гумилев атындағы ЕҰУ қызметкерлерінің жұмыс тобы құрылыс, жол-құры-

лыс секторының аккредиттелген қызметтерінің толық циклін көрсету жөніндегі құрылыс-техникалық инженерлік орталығын құру жобасын іске асыруда, оның шеңберінде Superpave технологиясын қазақстандық жағдайларға бейімдеу бойынша белсенді жұмыс істеп жатыр.

Жыл соңында ЕҰУ ғалымдары отандық полимерлерді пайдалана отырып, жергілікті шикізат негізінде жаңа Полимермен модификацияланған битум (ПМБ) жасап шығарды. Ерекше тұсы — бұл 100% отандық өнім.

Ғылыми зерттеулер сұйық мұнай қалдықтарынан және қайталама полипропиленнен ПМБ алу әдістеріне патенттер беруге әкелді. Енді тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтарды іске қосу және ПМБ-ны одан әрі енгізу үшін әзірлемелерді өнеркәсіптік өндіріске енгізуге бағдарланған «Полимертек» Start-up компаниясы құрылды. 2025 жылы Астанадағы тәжірибелік учаскелерде Superpave технологиясы бойынша жасалған жол жабындарын тестілеу басталады.

Ә.ҚАЛИ

28 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

ІСКЕР ЖАСТАР МАРАПАТТАЛДЫ

«AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты дәстүрлі жылды қорытындылау шарасын өткізіп, еліміздің түкпір-түкпірінен келген бірқатар жастарды жыл соңында марапаттады. Арасында оралдық Сағидолла Сабыржан мен Қуатов Дархан да бар.



Биылғы жылы өңірімізде болған экологиялық апат — су тасқыны кезіндегі еріктілердің елеулі еңбегін атап өтпесек болмас. Замандастарының алдында топ бастап, бірқатар жастардың басын біріктірген азаматтар бүгін партияның жастар қанатының марапаттарын алды.

«Жастар Рухы» жастар қанатының облыстық филиалының белсендісі, М.Өтемісов атындағы БҚУ студенттік ректоры Қуатов Дархан «Жылы жүрек» аталымында үздік атанды. «Жылы жүрек» аталымының ерекшелігі — бұл аталым бойынша елімізде экологиялық апаттардың салдарын жоюға қатысқан, халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдаған, игі істерді іске асыру және қоғамдық маңызы бар бастамаларға

қатысқан жастардың өтінімдері қабылданды. Дарханның бұл жеңісі — елбасындағы қиындықтарда ұйымдаса білген, әртүрлі жағдайдағы көмекке мұқтаж жандардың жанайқайын ести білген бірқатар еріктілердің ортақ жеңісі деп білеміз.

Сонымен қатар «Жастар Рухы» жастар қанатының «Белсенді рухтас» аталымында Сағидолла Сабыржан үздіктер қатарынан бой көтерді. Өңірдегі рухтас «Ардагерлерді ардақтайық!», «Кедергісіз келешек» және тағы басқа партиялық жобасы аясында өңірде еріктілік қызметті белсенді түрде насихаттап келеді. Қазір жастар «Сөйле» қазақ тілінде білім беруге бағытталған тілдесу клубын ашып, жастар арасында жана бағыттарды дамытуда.



ЖЕР ТЕЛІМІ МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

«AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалы жанындағы «Жер аманаты» аймақтық комиссиясының отырысы өтті. Күн тәртібінде 2024 жылы жерлерді мемлекет меншігіне қайтару жоспарының орындалу барысы талқыланды.

Аталмыш мәселе бойынша баяндаған облыстық Жер ресурстарын басқару департаментінің басшысы Кушеков Марат Жұбатқанұлының мәліметіне сәйкес, Қызылорда облысында биыл 70 мың гектар жер телімін қайтару көзделген. Соның негізінде жыл қорытындысымен 77 519 гектарды құрайтын 121 ауыл шаруашылығы жерлері мемлекетке қайтарылып, жылдық жоспар 110,7% орындалды.

Аталмыш мәселелерді қарқынды жүзеге асыру мақсатында облыс әкімінің 20.02.2023 жылғы № 33-Ө өкімімен «Мақсаты бойынша пайдаланылмай-

тын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылатын жерлерді алып қою жөніндегі» облыстық жұмыс топ құрылып, төрт рет жұмыс топ отырысы өткізілген.

2022-2024-жылдары қайтарылған 460,1 мың гектар жерлердің 52,8 мың гектар шаруашылық жүргізу мақсатында конкурс арқылы қайта айналымға енгізілді.

Бұдан бөлек, 2022-2024-жылдары жергілікті атқарушы органдарымен өткізілген конкурс арқылы мемлекеттік босалқы жерлерден, жалпы көлемі 211,2

мың гектар жерлер ауыл шаруашылығы айналымына қосылды.

Мақсаты бойынша пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылатын жерлерді мемлекет меншігіне қайтару жұмыстары алдағы уақытта да партияның Жол картасы аясында жалғасын табатын болады. Мәселен, келер жылы Республика бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы пайдаланылмайтын немесе заңнаманы бұза отырып пайдаланылған 2 миллион гектар жер учаскелерді мемлекетке қайтару жоспарланған.

Дайындаған Ә.САМАТҰЛЫ

«ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН» КУӘЛІГІ ТАБЫСТАЛДЫ



Ұлттық академиялық кітапхананың белсенді әрі тұрақты оқырмандарына «Құрметті оқырман» куәлігі табысталды. Бұл мәртебе иелеріне кітапхананың барлық құрылымдық бөлімінде тапсырыс беруге кезексіз қызмет көрсетіледі.

«Құрметті оқырмандар» қатарында Сенат депутаты Нұртөре Жүсіп, жазушы Кенжебек Жамаубайұлы, Ұлттық ғылым академиясының академигі Кәрімбек Құрманалиев, зейнеткер Жұмагелді Өтелбаев, түркітанушы Бақтияр Бутеев, мәдениеттанушы Абылайхан Қалназаров, кітапханадағы «Әке мен бала» клубының жүргізушісі Ернат Рахметолла, құқық қорғау органдары академиясының докторанты Аян Бекежанов, «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми қызметкері Фарид Мусатаева, саяси ғылымдар докторы Біржан Бақұмбаев,

сонымен қатар 4-сынып оқушысы Дінмұхаммед Сатыбалдин мен 7-сынып оқушысы Аяулым Әділ бар.

«Ғимаратқа кірген бойдан жылы қарсы алып, жөн көрсетіп жүретін кітапханашыларға алғысым шексіз. Осы кітапханадағы құнды кітаптар арқылы бірнеше кітап жазып шықтым. Кітапхана менің тұрақты екінші үйім болды», — деп алғысын білдірді Кенжебек Жамаубайұлы.

Кітапхана басшысы Ғазиза Құдайбергекқызы «Құрметті оқырмандарға» жылы лебізін білдіріп, мерекелік сыйлықтар табыстады.

ЖАН ЖЫЛУЫ

28 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕҢБІ



Бүгінде ел тұрғындарының денсаулығын оңалту бағытында аз жобалар жанданып жатқан жоқ. Әсіресе, қамкөңіл жандарға жасалып жатқан жақсылық орасан. Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың денсаулығын оңалту бағытында облыс орталығында да баянды бастамалар жемісін беруде. Міне, сол жобалардың бірегейі – Жамбыл облыстық әлеуметтік оңалту орталығы.

ҚАМКӨҢІЛ ЖАНДАРҒА ЖЫЛУ СЫЙЛАҒАН



А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

2008 жылы облыстық мүгедектерді оңалту және бейімдеу орталығы болып құрылған мекеме бастапқыда бірінші, екінші топтағы мүмкіндігі шектеулі жандарды қабылдаса, 2023 жылы «Жамбыл облыстық әлеуметтік оңалту орталығы» болып ашылды.

Жаңа ғимаратқа қоныс аударған орталық заманауи құрылғылармен жабдықталып, қызмет алушыларға қолайлы бола түскен.

— Бұрын мұнда тек мүмкіндігі шектеулі азаматтар ем қабылдаған. Алайда биыл орталықта зейнеткерлердің де денсаулығын оңалтуға ұсыныс жасап, басқарма тарапынан қолдау тапты. Нәтижесінде, бүгінде орталықта зейнетке шыққан тұрғындар ем алууда.

Орталықта 80 пайызы еңбек терапиясы болса, 10 пайызы псих және 10 пайызы — медицина терапиясы. Одан бөлек, жан-жақты терапиялар жұмыс істеуде.

Мұнда екі невропатолог, екі терапевт, бір ортопед дәрігер қызмет көрсетеді. Келген емделушілерге диагнозына қарай тағылымдар парағына нұсқама беріліп, медбике мамандарымызға дейін жан салып қызмет көрсетуде.

Осындай заманауи қондырғылармен жабдықталған орталық ашып берген ел Үкіметіне, облыс пен қала басшыларына айтар алғысым шексіз, — дейді Жамбыл облысы әкімдігінің Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Жамбыл облыстық әлеуметтік оңалту орталығы» КММ директоры Қарлығаш Бибазарова.

Орталықта бір мезетте 150-ге жуық адам ем қабылдайтын болса, мұндағы ем-дом шараларын ауызбен айтып жеткізу мүмкін емес. Ең әуелі постыдағы медбике Шынарқұл Абдиева науқастардың екі мезгіл қан қысымын тексеріп тұратын болса, 3-кабаттағы емдеу бөлмелері қалтқысыз жұмыс істеуде. Мәселен, парафинмен емдеу бөлмесінде қызмет алушылардың тізе буындарына жылы парафин қойылып жатса, «ЛФК» емдік денешынықтыру бөлмесінде



де 6 құрылғы орнатылған. Иық, тізе, шынтак, аяқ аппараттарымен коса, механо, экзоскелет аппараттары инсульт алған азаматтарға жәрдемін беруде.

Электрмен емдеу бөлмесінде магниттік терапия қызмет көрсетуде. Мұндағы аппараттар бұлшық еттеріндегі регенеративті процестерді арқа және буын ауруларына қарсы қарқындылығын төмендетеді.

BTL — 6000 — SWT TOPLINE соккы толқын аппараты болса, сүйек және дәнекер тіндерге бағытталған соккы тербелістерін жібереді.

Ультрадыбыстық және электротерапияға арналған аппарат бұлшық ет жүйке тіндеріндегі арқа және буын ауруларының ауырсынуын төмендетеді.

Омыртқаның дикомпрессиясы — бұл тартқыш терапия. Арқа мен мойынның ауырсынуын жеңілдету үшін омыртқаға механикалық тарту қолданылады.

BTL — 5000 Combi аралас терапия қондырғысының да тигізер пайдасы мол. Бұл аппарат лор, мұрынның ауруы, тонзилит, отит, аллергиялық ренит сынды ауруларға таптырмас ем.

Жарықпен емдеу кабинетінде «Биоптрон Дарсенваль» заманауи қондырғысы қойылған. Тепло қондырғысы табанды қыздырса, бурмалин матрас қан айналымын жақсартады. Суықты алады.



Физио емдеу бөлмесінде Нұргүл Рахым есімді білімді де, білгір маман қызмет көрсетуде. Мұнда тыныс алу жүйесінің ауруларына, гинекологияға, офтальмологияға, омырқа және буын ауруларына, ішек дерттеріне дауа дарытылуда. Нұргүл маманның басты ерекшелігі — барлық құрылғының тілін жетік біледі.

Сумен емдеу бөлмесінде 4 камералы ванна, гидромассаж, суасты ваннасы, циркулярлы душ сынды қызмет түрлері көрсетіледі.

Социолог мамандардың да еңбегі қандай мақтауға да лайық. Мұнда Гүлмира Бекқұлова, Әсия Мошликулова, Әсел Мүсірәтәлі сынды мамандар арыз-шағым-

дарды қараумен қатар, келушілерге де сапалы қызмет көрсетуде.

Инемен емдеу бөлмесінде иглотерапевт дәрігер Люк Надежда науқастардың дене нүктелеріне ине қою арқылы емдейді. Ал тұрмыстық бағдарлау бөлмесінде бассейн, спорт зал, психолог кабинеті, табиғи материалдармен жұмыс істеу шеберханасы, кәдесый, этно бұйымдар, мүсін, тігін, кесте, ағаш күйдіру шеберханалары қызмет алушыларды еңбекке баулууда.

Орталықтың этно шеберханасында таза қойдың жүнінен кеудеше, аяқ-киім, бас киім және сөмкелер тігілуде. Мұнда терапия нұсқаушысы Жансая Жұманалиқызы қызмет алушыларға білгенін үйретуде.

Бұдан бөлек, психолог, шаштараз, маникюр кабинеттері де емделіп жатқан мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдан келгенше демеу болуда.

Міне, осындай заманауи орталық науқастарға қамқорлық пен мейірімді сездіруде. Мұнда арбаға таңылған жандарды байқап жүрегің сыздайды. Соларға демеу болып жүрген жандарды



Мұнда сондай-ақ тұз шахтасы қызмет көрсетеді. Дәрігер Әтіркүл Нұрмұханбетованың айтуынша, тұзды шахта тыныс жолдарын жақсартып, жүйке жүйесін тыныштандырады екен.

15 жыл өмірін орталыққа арнаған Әтіркүл маман мұнда емделуші мүмкіндігі шектеулі екі жанның көңіл жарастырып, олардың некесін ұжым болып қидырып, қуаныштарын еселегендерін айтады. Бұдан бөлек, емделуші-

Бұрын мұнда тек мүмкіндігі шектеулі азаматтар ем қабылдаған. Алайда биыл орталықта зейнеткерлердің де денсаулығын оңалтуға ұсыныс жасап, басқарма тарапынан қолдау тапты. Нәтижесінде, бүгінде орталықта зейнетке шыққан тұрғындар ем алууда.

көріп қуанасың. Көңілі қаяу, көздерінде мұң мен жүздерінде шері бар осындай мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдан келген көмегі мен емін аямай жатқан орталық мамандарына дән ризашылық кеуденде ұялайды.

Мұнда сонымен қатар нұсқаушы Елмира Жұмақасқызының өз қолынан шыққан арнайы қазақы дәстүрмен дайындалған бөлмесі бар. Онда қазақы үй тұскиіз оюмен көмкерілген. Онда қобыз, домбыра, қамшы ілінген. Қазақы шапан да бар. Қобызды осында ем алған Оразбай Кешубаев қария естелікке қалдырған екен.

Орталықта 1 500 адамға арналған асхана да бар. Онда емделушілер төрт мезгіл тамақтанып, жеміс-жидек, ағарғаннан да тыс қалмауда.

лерге Айша бибі, Тектұрмас кесенелеріне саяхат ұйымдастырылып тұратындығын да маман тілге тиек етті.

Мұның бәрі, әрине білікті басшы Қарлығаш Жағасқызының ұжымды ұйыстыра білген еңбегі мен іскерлігі екені анық.

Айта кетейік, бұл орталық — республика көлемінде мүмкіндігі шектеулі жандарға қызмет көрсететін бірегей мекеме. Ашылғанына ұзақ болмауына байланысты өзге өңірлерден ағылып жатқан науқастардың қарасы әзірге аз. Десе де, мұндай заманауи орталық ем алушыларға түрлі мүмкіндік ұсынады. Сондықтан Жамбыл жеріндегі емдеу мекемесінің алыс аймақтардағы науқастардың да алғысын арқалайтын күні алда.

«Күлкінің жеңбейтін
дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

«АРА» — ара болады,
шаққан жері жара болады».

Оспанхан Әубәкіров

«Күле білу — өмір,
күлдіре білу — өнер,
күлкі болу — өлім».

Сейіт Ненжеахметұлы

АРА



28.12.2024 ж.

«Айқынның»
сатиралық қосымшасы

Сатира – күлдіріп отырып жылататын, жылатып отырып күлдіретін сиқырлы өнер. Шындықты шымшып айтып, өміршең дүниелерді жазатын сатириктер қоғамға қашан да керек. Қоғамның жай-күйін ойнақы оймен жеткізіп, орайы келсе тілімен түйреп алатын сатириктердің бірі – халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Толымбек Әлімбекұлы. Биыл сатирик 70 жасқа толып отыр. «Сатира – өмірдің айнасы. Бірақ оның міндеті – күлдіру емес, ойландыру» деп айтқан сатира сардарымен сұхбаттасқан едік. Әңгіме барысында бүгінгі қазақ сатирасының ахуалынан сыр шертіп, кездесетін мәселелер туралы әңгіме қозғады.

– Толымбек аға, сатираға келу ойыңызда болмаған екен. Бірақ бұл жолға кадам басуыңызға не түрткі болды?

– Иә, шындығын айтсам, сықақшы боламын деген ой да болмаған. Бала кезімізде жиын болған жерлерде сықақ-өлеңдерді жаттап алып оқып жүретін едік. Әсіресе, сатирик ағаларымыз Шона Смахановтың, Оспанхан Әубәкіровтің,

Оспанәлі Иманалиевтердің шығармаларын жаттап өстім. Мектепте жүргенде Қожанасырды көп оқитын едім. Қала берді, нағашы ағам Шыңғыс Қонысбаевтың да қаламынан туған туындыларға әуес болып өстім. Ол кісі журналист еді. Кейін ҚазҰУ-дың Журналистика факультетіне келгенімде маңайымда тек ақын-жазушылар болды. Бірінші курс оқып жүргенде сатира туралы жазсам деген ой келді. Сөйтіп, тырнақалды сықақтарым Жамбыл аудандық «Екпін» газетінде шықты. Туындымды газет бетінен көрген соң, құлшынысым артты десем болады. Міне, сатираға осылай келдім. Алғашқы қадамым осылай басталды. Содан әңгіме, өлең жазу илеуіне ендік те кеттік қой.

– Бірқатар автордың шығармаларымен сусындап өскеніңізді айттыңыз. Ал сатира әлеміне кіргеннен кейін сіз үлгі тұтқан адамыңыз болды ма? Жалпы, сатирада қандай қиындықтар кездеседі екен?

– «Ара» сатиралық журналында қызмет істеп жүргенде Қалтай Мұхамеджановтың өз аузынан біраз әңгімесін естіген ем. Қалай дегенде де қарамағында жеті жылға жуық уақыт қызмет істеп, өзінің айтуынша, оның «Ақ мылтығы» болдым. Бірде газет-журналдар жаппай жабылып жатқан кез еді. Қағаз жоқ, қаржы жоқ. «Араға» да тықыр таянды. «Әне жабылады, міне жабылады» деген қауесетпен оянып, уайыммен ұйықтаймыз. Бас редакторымыз – Қалтай Мұхамеджанов. Бір жағынан ол кісінің бедел-абыройын ойлаймыз да, «Араны» жаптырмайтын шығар деген үмітке жүгінеміз. Бір күні Қал-ағаң осы мәселеге байланысты «Не бүк қылам, не шік қылам» деп артынып-тартынып, Орталық Комитетке кетті. Тақымды қысып редакцияда біз қалдық. Келді түс қайта. Менің кабинетім 12-қабатта, лифтінің тура қарама-қарсысында болатын. Есік ылғи ашық. Кімнің келіп, кімнің кетіп жатқаны көрініп тұрады. Қал-ағаң келді. Жүзінде жеңістің белгісі бар. Көзінде қуақы күлкі ойнайды. Сөзінде де жеңімпаздықтың желі еседі. Шұбап кабинетіне кірдік. «Ара» жабылмайтын боқты. Сонда Қал-ағаң не айтқан дейсіз ғой. «Қағаз жоқ дейсіндер, бізге жай сары қағаз да жетеді. Анау дүкендердегі май



Толымбек ӘЛІМБЕКҰЛЫ,
сатирик:

САТИРА — ОППОЗИЦИЯЛЫҚ

орайтын, ет орайтын сары қағаздар да жарайды бізге. Сонымен-ақ журналды шығара береміз. Бізге сол қағаздарды беріңіздер, бәрібір оны орайтын ет те, май да жоқ қой. Ал «Ара» жабылғаны қазақ күлкісінің қара жамылғаны емес пе?» – депті. Осылайша, бірауыз сөзбен «Араны» аман алып қалған еді.

– Сіздің пікіріңізше, заманауи сатира қандай тақырыптарға зәру?

– Меніңше, заманауи сатира ешқандай тақырыпқа зәру емес. Бізде сатириктер баршылық. Сондықтан бірнеше жыл бұрын жиі айтылып жүрген қандай да бір мәселе болса, соның бәрі мүмкіндігінше қамтылып жазылып жатыр деп ойлаймын. Өзіміз де жазарын жазып, берерін бердік. Тек кейінгі кездері жарық көріп жатқан сатиралық кітаптардың таралымы аз болғаннан кейін және баспа бетін көріп жатқан сол кітаптардың өзі өте сирек оқылатындықтан көпшілік біле бермейтін шығар. Қазір «Бізге сатирик жоқ» деген пікір халық арасында жиі айтылып жүр. Шын мәнінде олай емес қой. Сатира тақырыбына келсек, ғасырларға бөлінетін сатира жоқ. Ол XX ғасырда қандай болса, XXI ғасырда да сондай болуы тиіс. Былайша айтқанда, тілі өткір және оқиғасы нанымды, ішіндегі әңгімесінің

де шындығы бар, өмірден алынған шыншыл болуы керек.

Қазіргі қазақ сатирасының тақырыбы ауқымды және әр уақытта да талабы бірдей. Ал жай-күйін немен болжап айтамын. Азын-аулақ газет-журналда жарияланып жатқандарын ылғи оқи бермеймін, қолға түспейді. «Қазақ әдебиетінде жарияланған бірден-саранын оқып қаламын. Олар оншалықты сын да көтере бермейді. Кейде сатира жазатын жастар да жоқ-ау деймін. Ерекше көзге түсетіндер де жоқ. Әйтеуір, күлкі шақыратын тіркестерді тізбектеп шығатындарды сатирик деп айта да алмаймын. Оның барлығы театр қойылымдарына арнап жазады. Ол да мардымсыз. Қазір сатиралық беттер де жоқ. Жазатын сатириктер болмаған соң оған көңіл де бөлінбейді. Әйтеуір, бірді-екілі кітаптар шығып жатады. Ол қолға да түспейді. Сондықтан ол туралы пәлен дей алмаймын. Бұрын баспасөзде бәрі жақсы еді. Арнайы беттер ұйымдастырылып, сатиралық беттер шығып жататын. Қазір ол да көрінбейді. Мүлдем жоғалды. «Қазақ әдебиеті» газетінің бетінде беріліп тұратын «Қожанасыр қоржыны» да жоғалды. Газеттердің өздері сатиралық бет беруден

Қайран, Бастық!

(Кененше)

Келін кетті
тілді алмай,
кердең басып,
Бауыр да жүр шіреніп,
белден басып.
Оны көріп басқалар
барды басып,
Кетіп жатыр шетінен
елден қашып,
Қайран бастық!
Қыздар тілді алмайды
шолжаң басып,
Күйеулер де кетті әне,
талтаңдасып.
Әйелі де соларға
ілесіп ап,
Қалар ма екен, ойпырмай,
жанжалдасып,
Қайран бастық!
Бінтымағы сөгіліп,
шетінеген,
Осылардың басталды
шеті неден?
Тыңдата алмай
жүргенде жақындарды,
Депутаттар кетер ме
бетіменен,
Қайран, бастық!

бойларын мүлде аулақ салған секілді. Тіпті көрінбейді. Сондықтан ол туралы пікір айта алмайсың. Бет жоқ, сатира да жоқ. Бұл екеуі жоқ болған соң ол жайында пікір де жоқ.

– «Әрленбей айтылған сөзде шындық көп, қоспалы сөзде сұмдық көп» дейді. Әр әзілдің астарында шындық болатыны сөзсіз. Осы жерде өзіңіздің бір қысқаша шындықты астарлап жатқан сатиралық қоржыныңыздан үзінді айтып беріңізші.

– Ұлттық ана тіліміздің болашағына алаңдаймын. Біз қазақ тілінде сөйлемейміз дейміз. Осының барлығы айналып келгенде адамның кеудесінде ұлттық намыстың жойылып бара жатқанынан. Менің «Ә» деген әңгімем бар. Кәдімгі әліпбидегі «Ә». «А» жүрген жердің бәрін бүлдіріп жүреді. Орыстың тілі жүреді. «Ә» жүрген жерде, орыстың бір сөзі не тілі жоқ. Жалпы, «Ә»-ден небір әдемі сөздер басталады. Мәселен, қазір ғана айтқан «әдемі», «әдепті», «әсем», «әйбәт», «әшекей», «әрлі», «әке», «әже», «әкім», «әзіл», «әжуә», тіпті «әліппе», «әліпбидің» өзі ше... міне, осылай шұбыртып тізе беруге болады. Осының барлығынан ұлттың нақышы, дәстүрдің бояуы, халықтың үні қазанда былқып қайнап жатқан қазы мен қартаның, күбіде күрпілдетіп пісіліп жатқан, бабына келген қымыздың, мөлдір бұлақтың басынан ескен жалбыздың, таудан аңқып соққан адыраспанның, даладан жел қуалап жеткен жусанның бұрқыраған иісі кеп, бітеліп қалған



– Қазір әзіл-сықақ театрларында жүрген жастар сізді іздеп келіп әзіл-қоржыныңыздан үзінді сұрайтын кез болды ма? Өзіңіз жазған туындыларыңыздың сахнаға шыққанын қалар ма едіңіз?

– Шынымды айтсам, олармен байланысым да жоқ, сұраған да емес. Олар өздері жазады, өздері ойнайды, өздері

Осылайша, көңілге қонымды жауап ала алмадым. Көркемдік кеңес бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан еді. Тағы да жұмысын белсенді бастау үшін құрамын бекітіп кіріскен жұмысым жүзеге аспай қалды.

– Сатиралық шығармаларды бұрын әзіл-сықақ театрлары жиі пайдаланатын

ӘЙЕЛ мен МАШИНА

*Еркек үшін әйел мен машина
Ыстық және жақын,
Екеуі де өмір.
Бірақ әйел – қатын,
Ал, машина – темір.
Ұқсайтыны – еркек
Екеуін де аялайды,
Екеуін де бағалайды.
Машинасынан
Ақшасын аямайды.
Өйткені оны айдайды,
Уақтылы күтіп,
Уақтылы майлайды.
Оның бір жақсы жері
Қайта-қайта ақша сұрап,
Алақанын жаймайды.
Ал, әйел алған бетінен
таймайды,
жүйкеңе ойнайды.
Берген сайын тоймайды.
Машина күн демейді,
Түн демейді,
Ақша бермесең үндемейді,
Кей кезде сілейіп
Кідіріп, тұрып қалады.
Ондай кезде еркек ашуланып,
Теуіп қалады, ұрып қалады –
Жауап жоқ,
бар айыбы сынып қалады.
Ал, әйелді соқпай-ақ қой,
Жәй әшейін түртіп қал.
Жолыққандай күртік қар
Қар бораған бұзық қабағы,
Өткен-кеткенді тізіп,
табады,
Сенің қан қысымың
250-ге жеткенде ғана
Тыныш табады,
«Жедел жәрдем» әкеткен соң
Амалсыз аузын жабады.*

ӘДЕБИЕТТЕГІ

ЖАНР

мұрынның өзін қажармай ма, шіркін?! «Ә» дегенде – әже, әженің әлдіі жоқ жерде қазақтың тілі жоқ, «Ә» деген – әке, әке қазақша сөйлемесе, отбасы қазақша сөйлемейді. «Ә» дегенің – әкім, әкім қазақша сөйлесе, бүкіл соның аузына қарап отырған ел қазақша сөйлейді. «Ә» деген сөз – әскер, егер әскер қазақша сөйлей бастаса, қару-жарақ қазақша сөйлей бастаса, онда тіпті керемет болып кететін еді. Көшеде кетіп бара жатып, шашы бояу-бояу, тырнағы сояу-сояу әжелердің немерелерімен шүлдірлеп орысша сөйлеп бара жатқаны қабырғама батады. Бізде кей жазушылар, «менің немерем қазақша сөйлейді» деп мақтанады. Мақтаныш емес, ол – қасірет. Ол неге қазақша сөйлеу керек? Оны мақтаныш етпеуіміз керек, ол – занды түрде болуға тиіс нәрсе. Ғасырлар бойы ата-бабаларымыз осы иіспен тыныстады, осымен дем алды, осымен емделді. Қазір «аллергия» дейтін бір алапат шықты. Түшкіріп-пысқырып, сол иісті көтере алмайтын маңқа мұрындар пайда болды. Тұмсығын тұмшалап, даладан безе жөнеледі. Енді осындай бәле әкелген «аллергия» деген сөзге көз жүгіртіп көріңізші, ол «Ә»-ден басталмайды, «А»-дан басталады. Демек, «А» жүрген жер аса қауіпті.

күледі. Әрине, жазған дүниелерім сахнаға шыққаны жақсы. Баяғыда «Тамашада» Лұқпан Есенов іздеп жүріп алып шығаратын. Қазір ондай іздеушілер де, сұраушылар да жоқ. Көбі өздерінің көрген-білгенін ғана сахнаға шығарады, онысының аяғы жоқ, бітпейді. Сондықтан кей театрлар көрерменін жалықтырып алады. Сатириктер шығармасының барлығы дерлік сахнаға ыңғайлы болады деп айта алмаймыз, кейбірі – кітаптан оқуға арналған туындылар. Оны театр әртістері өздері іріктеп алады. Телеэкраннан әзіл-сықақ театрларының ішінен өзіме керегін алып қалармын деп ұнаса да, ұнамаса да көремін. Жастардан да алатын кезім болады. Кейде олардың нүктесі қойылмаған ойын ары қарай толықтыруды мақсат тұтамын.

Қазіргі әзіл-сықақ театрларының шығарып жатқан дүниесі күлкілі емес. Не болса соны шығарып кеткендер көп. Бұл туралы бірнеше жыл бұрын Мәдениет министрлігіне де хат жазғам. Бұрынғыдай көркемдік кеңес құру керек деп сол кеңесте болатын адамдардың да тізімін де жазып бердім. Тізімге Тұңғышбай Жаманқұловтың, Көпен Әмірбектің, Алпысбай Боранбаевтың, Лидия Қаденова және сатира төңірегінде жүрген бірқатар сатириктердің есімін қостым. Жазған хатыма жауап келді. Сатираға қатысты ұйымның барлығы дерлік жеке меншік болып кеткендіктен, ешқандай іс-шаралар жүзеге асырмайтынын айтты.

еді. Бүгінгі театр әзілді өздері жазып, өздері орындап жүр. Сонда сатириктерге зәру емес пе?

– Қазір кім көрінген театр ашатын заман болды. Өздері жазып жүрген дүние сатира емес, уайым-қайғы. Қысқасы, мұндай театрлардың ғұмыры ұзақ болмайды. Көрерменін тапқан әзіл-сықақ театрлары аз. Көрермен әр театрға үмітпен барады. «Тамашадан» кейін оңған театр ашылған жоқ. Бұл театрдың қойылымдары шынайы еді. Өйткені бұл кезде көркемдік кеңес те жұмыс істеп тұрған. Кеңестің қабылдауынан кейін ғана сахнаға шығуға рұқсат алатын. Біздің жазғандарымызды көркемдік кеңес оқитын. Ол кезде кеңес мүшелерінің арасында Лұқпан Есенов, Көпен Әмірбек, Лидия Қаденова болды. Көркемдік кеңес тарағаннан кейін театрлардың көбі жеке меншік болып кетті. Ал жекеменшік театрлар қалтаның қамына кірісіп, көрермен алдындағы жауапкершілігін де ұмытады.

– Сатираның поэзия мен прозадан айырмашылығы күлкілі болуында дейтіндер көп. Бізге сатира қай кезде керек?

– Жок, бұл олай емес, сатира дегеніміз – күлкі, сонымен қатар сын. Сынау арқылы күлдіру – күлдіру арқылы сынау. Сатира – сынға қарап күлкі шығатын жерді дәл табу. «Сатира – біздің әдебиеттегі оппозициялық жанр» екенін жиі айтамын. Сатираның керек не керек емес

уақыты болмайды. Қоғамда бар нәрсені жазуға тиіс сатира бар ма, бар. Бір кездері «Қазақстан» ұлттық телеарнасында ашылған «Әзілкештер ауылы» деген сатиралық хабарға шақырту алып, соны жүргіздім. Бағдарлама жан-жақтан сатириктердің басын қосып, әзіл әңгіме айтып, көрермен көңілін көтеруді мақсат еткен. Бұл жоба ұзаққа бармай жабылып қалып еді. Сатираны біреу кітапта оқуды жөн көрсе, бірі экранда, сахнада көргісі келеді. Бірақ сатиралық шығармаларын сахнаға, эфирге шығып орындайтын сатириктер аздау. Сондықтан бағдарламаға келетін сатириктер қатары азайып кетті. Десек те, оның орнын «Әзілді жарасса...» деген хабар басты. Осындай сатиралық шығармалар бұрында да болған, қазір де керек. Демек, сатира қоғамға әркез керек. Оның керек емес уақыты болмайды.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

AIQYN-LIVE

28 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕНБІ

Биыл отандық спорт үшін байтулы оқиғаларға толы жыл болды. Көп спортшымыз тарихи жеңістерге қол жеткізіп, көк Туымызды желбіретті.

Әсет ҚАЛИ

2024 жылдың ең басты спорттық шарасы Париждегі Олимпиада ойындары болды. Тартысты спорт додасында 205 ел бақ сынап, 93 елдің өкілі жеңіспен оралды. Қазақстан жалпыкомандалық есепте 43-орынға жайғасты. Еліміз бір алтын, 3 күміс, 3 қола медальді місе тұтты. Жалпы, ел тарихында құрамамыздың басты жетістігі – дзюдошы Елдос Сметовтің триумфын айтпасқа болмас. Белгілі спортшы 60 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде оза шауып, дзюдодан Қазақстан тарихындағы алғашқы Олимпиада алтынын еншіледі. Айта кетсек, Елдос Сметов өз мансабында үшінші рет Олимпиада жүлдесін алды. 2016 жылы Рио Олимпиадасында күміс медальді жеңіп алса, 2020 жылы Токиода қола жүлдені



канағат етіп еді. Тағы бір дзюдошымыз Париж астанасында Ғұсман Қырғызбаев та көзге түсті. Ол 66 келіге дейінгі салмақта үшінші нәтиже көрсетті. Қола медаль үшін өткен жекпе-жекте Ғұсман сербиялық Страхиня Бунчичтен басым түсті.

Сондай-ақ Парижде гимнаст Нариман Құрбанов тарихи күміс медальді жеңіп алды. Бұған дейін Қазақстанда спорттық гимнастикадан Олимпиада жүлдегерлері болмаған. Нариман ат үстіндегі жаттығуда ерекше көзге түсті.

Тағы да бір тарихи жетістіктердің бірі – Демеу Жадраев Франция астанасында грек-рим күресінде финалға шығып, күмісті қанжығалады. Ол 20 жыл ішінде Олимпиада финалына шыққан алғашқы қазақстандық атанды.

Ал нысана көздеуде Александр Ле мен Ислам Сәтпаев қола жүлде жеңіп алды. Нысана көздеуден Қазақстан құрамасы 28 жыл бойы Олимпиададан мүлде жүлде алып көрмеген еді.

Париж Олимпиадасында бокстан Нұрбек Оралбай (80 келіге дейін) күміс медаль жеңіп алды. Үшінші орынға Назым Қызайбай (бокс, 50 келіге дейін) және дзюдошы Ғұсман Қырғызбаев көтерілді.

Олимпиададағы жетістіктерден бөлек, Қазақстан құрамамыздың спортшылары ересектер арасындағы әлем чемпионаттарында да көзге түсті. Денис Никиша шорт-тректен әлем чемпионатында екінші орынға ие болды. Ол бұл спорт түрінен ересектер арасындағы әлем біріншілігінде



ЖЕҢІСКЕ ТОЛЫ ЖЕМІСТІ ЖЫЛ

медаль алған алғашқы қазақстандық ретінде тарихқа енді.

Араға көп үзіліс салып құрамамыздың ауыр атлетикадан бағы жанды. Жақында өткен әлем чемпионатында біздің зіл-теміршілер екі алтын және бір күміс медаль жеңіп алды. Алтын жүлдені Нұрғиса Әділетұлы (96 келіге дейін) және Артем Антропов (102 келіге дейін) иеленсе, Алексей Чуркин (81 келіге дейін) күміс жүлде жеңіп алды. Медальдар санында Қазақстан 76 елдің арасында үшінші орынға ие болды. Алда тек Солтүстік Корея мен



Қытай тұр. Өткен әлем чемпионатында Қазақстан медальдардан айырылған еді. Сондықтан қазіргі нәтиже – бұл құраманың нағыз жетістігі, ал болашақта атлеттерден одан да үлкен жетістіктер күтуге болады.

Жеңіл атлетикадан да отандастарымыз жеңіс тұғырынан көрінді. Асан Сәлімов пен Дарья Ясинская FIG World Challenge Cup 2024 турнирінің жеңімпаздары атанды. Спорттық гимнастикадан Венгрияның Сомбатхей қаласында өткен Challenge Cup жарысында Қазақстан құрамасы екі алтын медаль иеленді.

Сондай-ақ әртістік жүзуден Қазақстан құрамасының спортшылары Эдуард Ким

мен Наргиза Болатова аралас жұп (техникалық бағдарлама) бойынша әлем чемпиондары атанды. Бұл – еліміз үшін тарихи жеңіс.

Тарихи жеңістердің қатарына Ризабек Айтмұханның да есімі бар. Ол еркін күрестен тәуелсіз Қазақстан тарихындағы тұңғыш әлем чемпионы атанды. 92 келіде сайысқа шығып финалда эзербайжандық Осман Нурмагомедовті жеңді. Еркін күресте қазақтан шыққан әлем чемпионы Қажымұқан Мұңайтпасов болса, егемен ел тарихында Ризабек – тұңғыш алтын иегері. Осылайша, Ризабек 3 түрлі жас санатында әлем чемпионатында алтын алған тұңғыш қазақ балуанына айналды. Еске сала кетейік, Ризабек бытыр Белградта ересектер арасында (92 келіге дейінгі салмақ), ал биыл Понтеведра қаласында 20 жасқа

тіреді. Өзбектермен шайқасқа түскен финалдық бәсекелер өте тартысты әрі қызық өтті. Одан бөлек Қазақстан чемпионатында Назым Қызайбай мен Төрехан Сабырхан ең үздік деп танылып, марапатқа ие болды.

Әлемдік аренада ең танымал UFC турнирінде өнер көрсетіп, жеңіске жеткен отандастарымыз аз емес. Олардың арасында ең танымалы – 19 рет жеңіске жеткен Шавкат Рахмонов. Биыл оның жеңісі қазақстандықтарға ерекше қуаныш сыйлады. Тартысты жекпе-жекте жеңіліс көрмеген қазақстандық, UFC файтері Шавкат Рахмонов ирландиялық Ян Гарримен жұдырықтасты. 5 раундқа жалғасқан жекпе-жекте төрешілердің отандасымызға жақтасты. Осылайша, Шавкат Рахмонов UFC-тің мықты жауынгері екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Былғары доптан да құрамамыздың белестері де биік. Футзалдан оныншы әлем чемпионаты Өзбекстанда өткен еді. Чемпионатта Қазақстан құрамасының өнер көрсеткені жанкүйердің есінде қалып, ұмытылмас эмоция сыйлады. Футзалдан Қазақстанның ерлер командасы 1/8 финалында жеңіске жетіп, 1/4 ойынында біздің команда Португалиядан келген қазіргі әлем чемпиондарына қарсы ойнады. Қызығы мен шыжығы бірге жүрген ойында жеңіс біздің жігіттерге бұйырды. Осылайша, Қазақстан әлем чемпионатының ширек финалына шығып, сол жерден жарыс жолын аяқтады.

Осы жылдың қыркүйек айында Астанамызда V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтті. V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары аясында апта бойы 21 спорт түрінен әртүрлі жарыстар өтті. Дүбірлі додаға 89 мемлекеттен 2 500-ге жуық спортшы қатысты. Қазақстан құрамасы барлығы 114 медаль олжалады: 44 алтын, 33 күміс, 37 қола медаль алған еліміз командалық есепте бірінші орынды жеңіп алды. Қоржынында 64 медалі бар Қырғызстан (18 алтын, 21 күміс, 25 қола) екінші орын, 34 медалі бар Өзбекстан (11 алтын, 12 күміс, 11 қола) үшінші орынға жайғасты.

Спортпен қатар қазақстандық жастарымыздың интеллектуалдық әлеуеті де жоғары екендігі дәлелденіп келе жатыр. Әлем біріншілігінде жас шахматшыларымыз

Осы жылдың қыркүйек айында Астанамызда V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтті. V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары аясында апта бойы 21 спорт түрінен әртүрлі жарыстар өтті. Дүбірлі додаға 89 мемлекеттен 2 500-ге жуық спортшы қатысты. Қазақстан құрамасы барлығы 114 медаль олжалады: 44 алтын, 33 күміс, 37 қола медаль алған еліміз командалық есепте бірінші орынды жеңіп алды.

дейінгі балуандар арасында әлем чемпионы (97 келіге дейінгі салмақ) атанған. Сонымен қатар еркін күрестен Нұрқожа Қайпанов әлем чемпионы атанды. Ол олимпиадалық емес салмақ дәрежелерінде өткен әлем біріншілігінде 70 келіге дейінгі салмақта үздік шықты.

Боксшыларымыз осы жылдың ең ірі турнирінде жақсы нәтиже көрсетті. Тайландта өткен Азия чемпионатында отандастарымыз 10 алтын, 4 күміс және 6 қоланы жеңіп алып, жалпы есепте 1-орынға табан

керемет нәтиже тіркеді. Рапид және блиц бойынша жастар арасындағы әлем чемпионатында біздің қыз-жігіттеріміз жүлделі 10 медальді қоржынға салды. Мажарстанда өткен Олимпиадада тамаша өнер көрсеткен шахматтан Қазақстан әйелдер құрамасының мүшелері қыздар арасындағы әлемдік топ-100 рейтингінде өз позицияларын жақсартты.

Жеңісті күндеріміз жаңа жылда да жалғасын тапқай!



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛТЫНСАЙҒЫЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Сағхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жаннат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баиян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiskaalt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4539
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеп көшесі 30,
тел: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,